



ТҰРМЫСТЫҚ
ЗОРЛЫҚ-
ЗОМБЫЛЫҚҚА
ЖОЛ
БЕРІЛМЕЙДІ

6-бет



АЛҚЫЗЫЛ
ГҮЛДЕР

8-бет

ЗАҢ

ZANMEDIA.KZ

газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№30 (3561) 21 сәуір 2023



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

«ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ БОЛМАСА, ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТА БОЛМАЙДЫ»



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөнінде кеңейтілген кеңес өтті. Кеңес барысында Мемлекет басшысы еліміздің дамуына жол ашып, кемшіліктерді оңтайлы шешуге байланысты ойымен бөлісіп, жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар жүктеді.

(Соңы 2-бетте)



КЕЛБЕТ

ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ӨР АЛТАЙЫ

Саналы ғұмырын хикмет пен даналықта өткізген еліміздің біртуар азаматы, қайраткер қазанаты, ұлағатты ұстаз, айтулы ғалым Жақыпбек Алтайұлы 75-ке толып отыр. Осынау мерейлі тойында ұстаз нақында бірер ой арнау шәкірттік парызым. Ұлттық жоғары мектеп академиясының академигі, философия ғылымының докторы, профессор, фарабитанушы, қазақ философиясының негізін қалаушы Жақыпбек АЛТАЕВ бүгінде философияның асқаралы биігіне шығып, кейінгілерді де биікке жетелеп келе жатқан тау тұлға.

Қазығұрттай киелі, әулиелі мекенде дүниеге келген Ж. Алтаев 1966 жылы қазыналы мекенде Қ. Сәтбаев атындағы №1 қазақ орта мектебін бітіреді. Ел өміріне араласып жылға жуық ауылда жұмыс істейді, ширғады, есейеді. Жастайынан әдебиетке қызығып, үлкендерге жыр-дастандарды оқып беретін бала Жақыпбектің, әсіресе, халықтың ауыз әдебиеті

мен фольклорына бүйрегі бұрады. Мектеп қабырғасынан-ақ Аристотель мен Платонды оқып, ой құдіретіне дендей енген балаң жігіт болашақ мамандығын да таңдап қойған-тын: не филология, не философия! Филологияға тапсыруға шақ қалып тұрып марқұм әкесі Алтайдың батасымен құжаттарын философияға тапсырады. Осылайша, 1967 жылы Өзбек

КСР-індегі В.И. Ленин атындағы Ташкент мемлекеттік университетінің (қазір Мырза Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті) филология және экономика факультетінің философия бөліміне оқуға түседі.

Қатарластарынан ересек жан көшбасшылығымен, қабілеттілігімен назар аудартады. Қазақша оқыған балаға ол кездегі орысша сабақтар қиын тиеді, әрине. Бірақ талапты жас сабақтан кейінгі уақытын Әлішер Науаи атындағы орталық кітапханада өткізіп, көп ізденіп әбден төселді. Л.Е. Гарбер секілді ұстаздардың мектебінен өтіп, М.М.Хайруллаевтардың дәрісін тыңдады. 1972 жылы оқуын үздік аяқтаған соң бір жыл Қазығұрт аудандық газетінде тілші болып істеді. Ауыл өмірі, басшылық жай-жапсары, шаруашылық жүргізу ту-

ралы нақты оқиғалардың бел ортасында жүріп білім көкжиегін кеңейтті. Қызметін табысты атқарды. Әлеуметтік-экономикалық өмірдің, шаруашылықтың түрлі саласын бағамдайтын дағды қалыптастырды. Себілген дән қалай да өркен жаяды емес пе. Тілшілік қызметте мектепте негізі қаланған тіл шұрайын меңгергені кәдімгідей сеп болды.

Реті келгенде айта кететін болсақ, кең құшағына бәрін сыйдыратын философияда жүріп Жақыпбек Алтайұлы бала кездегі қызығушылығы филологияны да айналып өтпеді. Онысы әлгінде айтылған тілшілік қызметінен де, ғалымның кейінгі жүргізген зерттеулерінің бойынан да көрініп тұрды. Ғалым еңбектерінен философия, ауыз әдебиеті мен фольклор байланысын жазбай көреміз. Философия мен филология комбинациясы ғалым қаламынан туындаған: Фольклордың дүниетанымдық негіздері, Қазақ фольклорының философиясы, Қазақ фольклорының философиялық мәселелерін зерттеу еңбектері осының айғағы.

(Соңы 4-бетте)



ҰТЫСТАН
ҚҰР
ҚАЛМАҢЫЗ!

Біздің басылымдарға жазылып,
ұтысты болыңыз!
Басты сыйлық – **АЙФОН 14 ПРО МАКС!**

Бұдан бөлек: Айфонның құлаққабы, сағаты, 2 REDMI NOTE 11 Pro ойнатылады. Сондай-ақ, қысқатолқынды пеш, шаңсорғыш, үтік секілді көптеген тұрмыстық техникалар бар. Бірқатар жүлдегер «Заң» медиа-корпорациясының қолдауымен жарыққа шыққан «ШЫТЫРМАН» шығармалар жинағына ие болады.

**ҰТЫСҚА ҚАТЫСУ
ҮШІН НЕ КЕРЕК?**

Ол үшін пошта бөлімшесіне барып:

«Заң газетіне» (индекс – 65921); «Юридическая газетаға» (индекс – 65928); «Заң» журналына (индекс – 75849); «Фемида» журналына (индекс – 75858) жыл соңына дейін жазылып, түбіртектердің көшірмесін бізге жолдасаңыздар болғаны!

Екі басылымға жазылғандардың мүмкіндігі екі есе өседі!

ҰТЫС ИЕГЕРЛЕРІ 28 МАУСЫМ – журналистер күні анықталады.

Ал, іске сәт!



ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨЧІГІМЕ

Меңдігүл НОҒАЙБАЕВА,
тарих ғылымдарының кандидаты:

«ТАРИХИ ЖӘДІГЕРЛЕРДІҢ ТАҒДЫРЫ ЕШКІМДІ АЛАҢДАТПАЙДЫ»

– Меңдігүл Сағатқызы, Алматы қаласындағы жетекші ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындары ғалымдарының жақында Алматы облысының Қарадала, Кеген өңірлеріне ғылыми-танымдық экспедициямен барып қайтқанын естідік. Оның құрамында өзіңіз де болыпсыз. Экспедицияның мақсаты не?

– Қарадала мен Кеген өңіріндегі «Ұлы даланың ұлы есімдері» деп аталатын бұл экспедицияны Алматы облысы әкімдігінің Қоғамдық даму орталығы ұйымдастырды. Оның құрамында Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының, Ә.Марғұлан атындағы археология институтының, Р.Сүлейменов атындағы шығыстану институтының және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Абай атындағы ҚазҰПУ ғалымдары да болды. Экспедицияның мақсаты аталған аймақтардағы тарихи-мәдени ескерткіштердің жай-күйін саралап, аудандардағы қоғамдық келісімді нығайту. Сапарымыз Қарадала өңірі деп аталатын қазіргі Ұйғыр ауданының аумағынан басталды. Жергілікті жердегі тарихи жадты сақтайтын орындар мұрағат, тарихи-өлкетану мұражайлары, кітапханалар жұмысы мен аудандық мәдениет басқармасының атқарып жатқан іс-шараларымен танысу үшін арнайы уақыт бөлгенбіз.

(Соңы 5-бетте)

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті:

«ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ БОЛМАСА, ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТА БОЛМАЙДЫ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

— Осында отырған әрбір мемлекеттік қызметші өзіне орасан зор міндет жүктеліп отырғанын сезінуге тиіс. Сіздер мемлекетшіл-реформатор болуларыңыз қажет. Реформаларымыздың түпкі мақсаты — халықтың өмірін жақсарту. Ол үшін тұрғындардың табысын көбейту керек. Жайлы өмір сүруіне жағдай жасап, қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы ретте Президент еліміздегі әлеуметтің жағдайын жақсартып, халықтың әл-ауқатын арттыруға негіз болар басымдықтарды атап өтті. Ол үшін азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне жол бермеу, агроөнеркәсіп кешенін дамыту, отандық өндірісті ұлғайту аса өзекті. Сонымен бірге, азаматтардың нақты табысын арттыру, байыпты макроэкономикалық саясат жүргізу, экономиканы монополиядан арылту, инфрақұрылымды одан әрі дамыту жөніндегі жұмысты жаңғырту бойынша ауқымды шараларды қолға алу маңызды. Азаматтардың сапалы медицина мен білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету, табысты жұмыс орындарын ашу, сондай-ақ, мемлекеттік басқару ісін жетілдіру де кезек күттірмейді. Осыған орай, жауапты тұлғалар өз жұмыстарында осы мәселелерге екпін беруі тиіс.

Президент өз сөзінде дәл қазір шешімін табуы тиіс бірқатар мәселелерді ерекше көрсетті. Әсіресе, «Ірі кәсіпкерлер Қазақстанда тапқан табысын басқа жақта емес, өз еліміздің бизнесін дамытуға жұмсағаны абзал. Жұмысын осы талапқа бейімдей алған ірі кәсіпкерлер нағыз ұлттық бизнес-элитаға айналады. Халықтың құрметіне бөленіп, мемлекеттің қорғауы мен қолдауына ие болады. Сонымен қатар, бізге «кәсіпкерлердің жаңа толқыны» керек. Мемлекеттің ресурсына арқа сүйемей, бойындағы дарыны мен іскерлігі арқылы тұрақты әрі мықты кәсіп құра білген «тың күштер қажет» деп Қазақстанда кәсібін дөңгелетіп отырған жандарға қозғау салды. Расында, отандық кәсіптің өрлеуі ел дамуындағы басты қозғаушы күш. Бірақ, біздегі кәсіптің дені алып-сатуға негізделген. Сондықтан алдағы уақытта кәсіпкерлерді отандық өндірісті дамытуға ынталандырып, жастарды

бизнес жүргізуге баулыған дұрыс. Бұл жерде де ұлттық идеология ұмыт қалмауы керек. Өйткені, Отанын сүйген кәсіпкер ғана табысын елді көркейтуге жұмсайды.

Бұдан бөлек кеңесте коммуналдық төлемдерді заңсыз өсірмеу, азаматтардың еңбекақысын нарық талабына бейімдеу, жанар-жағар май бағасын тұрақтандыру қажеттігі де назардан тыс қалмады. Монополистер тарифті өсіруде коммуналдық инфрақұрылымның ескіргенін жиі сылтау етеді. Бірақ, бағаны өсіруден түскен ақшаның қайда жұмсалғанын бақылау тетігі жоқ. Осыған орай, Президент «Тарифті өсіруден түскен қосымша қаржы тек қана коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуға жұмсалуды керек. Сондай-ақ, жаңа қуат көздерін іске қосуға және жұмысшылардың жалақысын көтеруге бағытталуды қажет. Сондықтан Үкіметке қаржының жұмсалуды бақылайтын қатаң амал-тәсілдер енгізуді тапсырамын» деді.

Енді жанар-жағармайдың бағасын көтеру арқылы түскен қаржыны алыпсатарлар иемденіп кетпеуі қадағаланады. Қаржы жаңа мұнай-газ жобаларын жүзеге асыруға және мұнай өңдеу зауыттарын жаңғыртуға жұмсалуды тиіс. Егер Президент тапсырған бұл тетік іске асса бағаны тұрақтандыруға, халықтың әл-ауқатын арттыруға үлкен сеп.

Сонымен бірге, Қасым-Жомарт Кемелұлы жоғарыдағы мәселелердің шешімі заң мен тәртіпті қатаң сақтауда екенін қадап айтты. «Заң үстемдігі болмаса, тұрақтылық та болмайды. Ал тұрақтылық жоқ жерде ешқандай даму да болмайды. Сондықтан азаматтарымыз заңға бағынуы керек, ал құзырлы органдар заң бұзушылықтың алдын алуға тиіс. Қоғамның қауіпсіздігін және тұрақтылығын сақтау — мемлекеттің басты міндеті» деген тұжырымның дәлдігімен келіспеуге болмайды. Біздегі дамудың кенжелеп, реформалардың аяқ асты болуына көбіне-көп азаматтардың құқықтық сауатының кемдігі, басшылардың заңды белден басуы түрткі болатыны жасарын емес.

А.САТЫБАЛДЫ,
«Заң газеті»

СОТ МІНДЕТТЕГЕН ҚАФИДАЛАР МҮЛТІКСІЗ САҚТАЛУЫ ТИІС



Азаматтардың сотта міндеттелген қағидаларды мүлтіксіз сақтауы ең алдымен ел заңдарына, сонымен қатар, сотқа келушілер мен өздеріне деген құрметін байқатады. «Театр — киім ілгіштен басталады» демекші, адамның мұндай құрметі оның сот процесіне кешікпей келуі мен ғимаратқа кіруінен басталады. Мысалы, сотқа заңға қайшы келетін заттарды алып келмеу, жеке басын растайтын құжатпен, мәжіліс залына сырт киімнің өзін заңды сыйлау мәдениетінің айқын көрсеткіші саналады. Жалпы алғанда, сотқа кіргізу тәртібі мен оны іске асыру қағидалары тараптар құқығын қорғау мен соттағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сот төрелігін атқаруда оған ешкімнің араласпауы мен сыбайлас жемқорлыққа

шығып кетуіне болмайды. Сот отырысына төрағалық етуішінің өкімдеріне бағыну қатысушылардың барлығына ортақ міндет.

Заңмен белгіленген қағидаларды бұзғандар, яғни, сотқа дәлелді себептерсіз келмегендер, төрағалық етуішінің өкімдеріне бағынбағандар, сондай-ақ, сотты құрметтемегендер, т.б. әрекеттерге барғандарға ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 653-бабымен көрсетілгендей, ескерту жасау, 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салу немесе бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу жазалары қолданылады.

Ал, заң азаматтық процесс барысында бұзылса, Азаматтық процесстік кодекстің 188-бабымен көрсетілгендей, сот отырысында тәртіп бұзушыға алдымен ескерту жасалады. Тәртіп бұзу әрекетін қайталаса сот ұйғарымымен талқылауға мүлде қатысты-

рылмайды немесе оның бір бөлігінде процестен шығарылады. Егер сотқа қатысушылар жаппай тәртіпсіздік жасаса, іске қатыспайтын адамдардың барлығын залдан шығару, істі жабық отырыста қарау немесе істі талқылауды кейінге қалдыру мүмкіндігі заңмен нақтыланған. Процеске қатысушы сотқа құрметтемеушілік танытқан жағдайда, оған осы кодекстің 120-бабына сай, әкімшілік жаза қолдану қарастырылған. Жаза қолданылатыны судья сот шешімін қабылдауға кетпей тұрып жариялайды. Бірақ, әкімшілік құқықбұзушылық туралы қаулы сот отырысы аяқталған соң қабылданады. Тәртіп бұзушының әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болған жағдайда сот қаулы шығарылып, тиісті адамға үш жұмыс күні ішінде тапсырылады. Бұған қоса қаулы растайтын материалдармен бірге прокурорға сотқа дейінгі іс жүргізуді ұйымдастыру үшін жолданады. Қаулыға он күн ішінде шағым келтіруге болады.

Тәуелсіздігіміздің тұғырын бекітіп, мемлекеттігімізді нығайтқан саланың бірі — сот десек, заң үстемдігін берік орнатуға үшінші билікпен бірге жалпы жұртшылық та атсалысулары керек. Сонда ғана діндеген межеге жете аламыз.

Қанат ЕРМЕКОВ,
Жетісу аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ



АЗАПТАУҒА ҚАРСЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІҢ ТИІМДІЛІГІ ЗОР

Алматыда «Азаптау мен қатыгездіктің алдын алу: халықаралық және еуропалық стандарттар және озық тәжірибе» тақырыбында Орталық Азия елдері үшін халықаралық конференция өтті. Оны Еуропа Кеңесі ҚР Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия, ҚР Бас прокуратурасы ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкілмен бірлесіп ұйымдастырды.

ҚР Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия төрағасы Игорь Роговтың айтуынша, Мемлекет басшысы құзырлы органдарға елдегі азаптау мен қатігездікті толық жою міндетін қойып, оның алдын алатын тәсіл жүйелі болу керектігін тапсырды.

— Бірінші кезекте алдымызға еуропалық елдердегі, Орталық Азиядағы әріптестерден халықаралық тәжірибе қандай деген сұрақ қойдық. Сондықтан Еуропа Кеңесіне жүгіндік. Онда көптеген құрылым бар. Олар бір іс-шара өткізейік, тек еуропалық емес басқа елдерден де сарапшыларды жинайық деді. Ол біздің тарапымыздан қолдау тапты. Мұнда сондай-ақ, ақпарат қана алынып қоймай, оны енгізу мен іске асыру жолы да қарастырылады, — деді И.Рогов.

Бас прокурор Берік Асыллов болса, Қазақстанның БҰҰ-ның Азаптауға қарсы конвенциясына қосылғанын, қазір оның факультативтік жағы қарастырылып жатқанын тілге тиек етті. Ұлттық превентивизм институты құрылғанын, ол адам құқықтары жөніндегі мәселені қарайтынын айтып, азаптауға қарсы жауапкершілік қатайтылып, қылмыс жасаған адамдарды жауапкершіліктен босатуға тыйым салынғанына назар аудартты. Ал азаптау құрбандарына 30-50 АЕК мөлшерінде өтемақы төленбек.

— Президент тапсырмасы бойынша прокуратура органдарына азаптауға қатысты іс-қимыл жөніндегі жүйелі тәсілдер енгізілді. Азаптау қылмысын прокурорлар ғана зерттейді, тергейді. Осыған қатысты Стамбұл хаттамасының ережелері негізінде қажетті нұсқаулық пен әдістеме әзірленді. Онда қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету, тергеу шараларын жүргізу және сараптамалар тағайындау мен сұраулар алуды өткізу көзделеді. Жыл басынан бері прокурорлар өндірісінде азаптау жөніндегі 220 қылмыстық іс қаралды. Оның ішінде ҰҚК қызметкерлеріне қатысты 5 іс сотқа жіберілді. Сонымен қатар, заңна-

ма мен ұйымдастыру шараларын да жетілдіріп жатырмыз. Наурыз айында қатігездік, адамшылыққа жатпайтын және адамдардың ар-намысын қорлайтын қылмыс ұғымын енгіздік. Ондай субъектілердің саны кеңейтіліп жатыр. Ақпараттық технологияның жаңа үлгілері енгізілуде. Еліміздегі 52 колонияға толық бейнебақылау жүйесі орнатылды. Ол көзге түспейтін аумақтарды жояды. Енді қалған 27 колонияда бұл жұмыс жыл соңына дейін аяқталады. Бүгінде прокурорлар өз кабинетінде отырып бейнекамераларды қарайды. Ондай құрылғы Бас прокуратурада да бар. Барлық КУИС мекемесін тікелей қарау мүмкіндігі туды. Оның әсері де бар. Сотталғандардың шағымы 7 есеге ұлғайды. Полиция органдарында республика бойынша 22 мың бейнекамера орнатылған. Ішкі істер министрлігімен бірге көзге түспейтін аумақтарды жою бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр, — дейді Б.Асыллов.

Бас прокурордың сөзіне қарғанда қылмыстық істердің 94 пайызы электрондық форматта тергеледі. Ол жерде барлығы анық, соттар да, прокурорлар да, адвокаттар да оны көре алады.

«Бізге берілген мүмкіндік Қазақстанның ашықтығын көрсетеді. Біз Еуропа Кеңесінің ынтымақтастық бағдарламаларын тереңдету ниетіне де өз алғысымызды айтамыз. Өңірдегі 5 елден келген қонақтарды көргеніме қуанып отырмын. Бұл конференция Еуропа Кеңесінің қолдауымен құқық үстемдігін қамтамасыз ету бағдарламасы шеңберінде ұйымдастырылған. Серіктестік қатынастарды жоғары бағалаймыз. Еуропадан келген делегацияға да алғыс айтамын. Осы бағдарламаны іске асыруға өз үлесін қосып жатыр. Бұл мәселе әлі де өзектілігін жоған жоқ. Бәріміз заң үстемдігін, демократияны сақтауға, құқық үстемдігін сақтауға тырысып жатырмыз. 2022 жылы Қазақстан мен Қырғызстанда бірқатар жұмыс жүргізілді. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша шаралар қабылданды. Екі ел азаптаудың алдын алу бойынша Будапештегі конвенцияға қосылып жатыр. Біз әр уақытта қолшымызды беруге дайынбыз», — деді Еуропа Кеңесінің ынтымақтастық бағдарламаларын үйлестіру жөніндегі директоры Клаус Нойкирх.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

КӨШБАСШЫЛАР - ЖАСТАРҒА ҮЛГІ

Жоғары оқу орындарында тәжірибелі мамандарды жұмысқа тарту үрдісі қалыптасып келеді. Мамандық бойынша алған теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруда кәсіп иелерінің көмегі көп. Сондықтан, әл-Фараби атындағы Қаз-ҰУ-дың заң факультетінде де құқық қорғау, заң саласында еңбегі бар, білімі мен білігін ел мойындаған, мамандығының мақтанышына айналған тұлғаларды дәріс оқуға шақыру дәстүрі қалыптасты.

Мысалы, студенттер Қырғызстанның бұрынғы Президенті Асқар Ақаевтың дәрісін тыңдап, мемлекет басқаруда, заңнамалар жасауда үлкен тәжірибесі бар тұлғаға өз сауалдарын қойып, лебізін естуге мүмкіндік алды. Асқар Ақаев жастармен кездесуге тыңғылықты дайындалып, көпшілікті қызықтыратын тақырыптар бойынша келелі әңгіме өрбітті. Әсіресе, студенттерді ел басқарудағы заңдардың рөлі, құқықтық сауаттылықтың маңызы қызықтырды.

Сондай-ақ, университетке арнайы келген Жоғарғы Сот судьялары Абай Рахметулин мен Елена Максютаның дәрістері де студенттердің көңілінен шықты. Абай Жамбылұлы бірнеше облыстық сотқа төраға болған, судьялық өтілі жоғары, тәжірибесі кемел жанның бірі. Қазақстандық соттың дамуына субелі үлес қосқан Рахметулин сот корпусын сапалы кадрлармен толықтыру жайына тоқталып, судья болудың негізгі талаптарынан хабардар етті. Ал, Елена Тагирқызы сот жұмысын жандандыруға игі әсерін тигізген жаңа технология жетістіктері туралы келелі әңгіме өрбітті. Әсіресе, жастар сот өндірісіне түскен істердің судьяларға автоматты түрде бөлінуі-

не, компьютердегі арнайы функция арқылы істің болжамды шешімі туралы ақпарат алуға болатынына қызығушылық танытты. Жалпы, робототехника жаңашылдықтарын сот жұмысына енгізу судьяларды артық жүктемеден босатып, қателесуден сақтайтыны анық. Елена Максютта қазақстандық сотта осы бағытта атқарылып жатқан істерге жастардың көңілін аударды.

Жастармен жүздесіп, дәріс оқуға әділет генерал-майоры, ҚР прокуратурасының құрметті қызметкері, заңгер Мұхтар Жергенбаев та арнайы шақырылды. «Білімді сатып алуға болмайды. Ойға сіңірген ілім-білім мен сатып алған білімнің арасы жер мен көктей. Бойға дарымаған оқумен ұзаққа шаба алмайсыздар. Балкім, менің бұл әңгімем сіздерге пафос сияқты сезілер, әйтсе де бұл шындық. Қазір жастарға үлкен мүмкіндіктер бар, шамаларың келсе кітапты «кеміруге» тырысыңыздар» деп кеңес берген заңгердің дәрісінен де студенттердің ойға тоқығаны көп.

Қанат ҚОЖАБЕК,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
PhD докторы

МӘСЕЛЕ

Балаға ата-анадан қамқор, ата-анадан жақын ешкім жоқ. Ал, олардың бала үшін қастерлі санатын шағын «Отанды» бұзуы – үлкен қасірет. Мұндай сынақтан кез келген баланың психикасы бұзылып, терең күйзелісті бастан кешіретіні тағы бар. Осы ретте, ата-ана жеке басараздығынан гөрі, өз перзенттерінің рухани көңіл-күйін алдыңғы орынға шығарғаны абзал.

АЖЫРАСУ - АТА-АНАҒА СЫНАҚ, БАЛАҒА - СТРЕСС



Дария САЙЛАУ,
«Право» қоғамдық
қорының психологы

Отбасындағы ажырасу мәселесін кең ауқымда қарастырған авторлардың бірі С.Седельников «ажырасу жағдайында адам ішкі психологиялық әлеміндегі тұрақсыздығымен қатар, әлеуметтік тұрғыдан да, мысалы, қарым-қатынас формасында, белсенді іс-әрекет барысында да тұрақсыздық көрсетеді» – дейді. Ажырасуға шешім қабылдаған ата-ана жағдайды жан-жақты қарап, ең алдымен өзара келісімге келу қажет. Келісімге келе алмаған жағдайда отбасылық психологтардың көмегіне жүгінуге тиіс. Ажырасқан соң екінші ата-ана баланың өмірінен бірден жоқ болып кетпегені дұрыс. Бұл – бала үшін үлкен стресс. Балаға ата-ананың ажырасып жатқандығын үлкен дайындықпен ашық айту керек. Ер мен әйел ажырасса да,

балаға әрқашан әке болып қалатындығын түсіндіріп, дұрыс жеткізу маңызды. Дегенмен, қоғамда туған балаларынан бас тартып кететін әкелер жетерлік. Бұндай жағдайда бала психикасының бұзылмауы үшін арнайы мамандардың көмегіне жүгінген жөн. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында «Право» қоғамдық қорының психолог пен медиатор мамандары көмек көрсететін кабинет ашылды. Өзара келісімге келе алмаған ата-аналар ажырасқан соң балаларын көру тәртібін, тұрғылықты жерін анықтау үшін сотқа жүгінеді. Психологтар балалармен жұмыс жасап, ішкі дүниесін анықтайды. Ажырасқан соң анасы не әкесі екінші тарапқа балаларын көрсеткісі келмейтін кездер болады. Осылай ата-анасы ажырасамыз деп, өздерімен өздері әлекке түсіп жүргенде бала бір шетте қалып, қандай күйге түседі? Ата-анасы ажырасқан соң балаларда өкпелеу, агрессия, жанжалға бейімдік, тамақ ішпеу, сабақтан қалу секілді қарсылық әрекеттер басталады. Ажырасудың зардабын тартатын балалар – жасөспірім шақтағы жеткіншектер. Ұл балалардан гөрі қыз балалар ата-анасының ажырасқаны үшін ұзақ уақыт бойы депрессияда жүреді. Одан бөлек, ата-анасы ұрсысып қалғанда көп балалар татуластыруға тырысып жатады. Ажырасу осы талпыныстарының нәтижесіз болғандығын көрсетеді. Еңбегі еш кеткен бала сол себепті де депрессияға түсуге бейім. Көбінесе ата-ана баласын артық уайымнан қорғау үшін ажырасатын-

дарын соңғы кезеңге дейін жасырады. Ол дұрыс емес. Үлкендердің шешімі жайлы балаларға басынан айту қажет. Баланың қалаған кезде әкесімен де, анасымен де кездесе алатынын, тек ата-анасы енді бірге тұрмайтындығын түсіндіру қажет. Бала бұл процесті жеңіл өткізуі үшін ажырасуы ең қиын жас. Себебі, олар біртұтас отбасы болған кездегі жақсы уақыттарды көбірек есте сақтағысы келеді. Бұл жастағы балалардан ата-анасы келесі сұрақтарды естуі мүмкін: «Мен не істедім?», «Бұл менің кінәмнен ба?», «Мен жақсы бала болам деп уәде беремін», «Әкем/анам мені енді жақсы көрмей ме?». Бұл сұрақтардың барлығы баланы толғандырады. Бұл сезімдер баланы ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді депрессияға әкелуі мүмкін.

Жасөспірім шақтағы балалар ажырасуды немесе ажырасуға әкелетін негізгі сезімдерді түсінуі мүмкін. Жасөспірімдер көбінесе өзімшіл, бірақ бастауыш жастағы балалардан айырмашылығы, олардың әлемі әдетте үйден тыс өмірінің айналасында болады. Сондықтан олар ата-анасының оларға деген сүйіспеншілігіне күмәнданбайды. Жалпы алғанда, қабылдауы оңайырақ. Бірақ жасөспірім ойлау жүйесі толық жетілмеген бала. Қандай жағдай болса да кез келген жастағы баламен ата-ана ашық сөйлесу қажет. Ажырасу кімге болса да оңай емес, отбасының барлық мүшесіне өзінің кері әсерін сөзсіз тигізеді.

КӨКЖИЕК

Қазақстанда қазіргі таңда қазақ тілін оқытудың 6 деңгейі жұмыс істейді. Ал алған білімдерін бағалау еуропалық стандарттар деңгейіне сәйкестендірілген.

ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕНГЕРУ СТАНДАРТЫ ЖАҚСАРАДЫ

Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қазақстан стандарттау және метрология институтының (ҚазСтандарт) хабарлауынша, биыл бірқатар ұлттық стандарттарды қайта қарау жоспарланып отыр. Олар: «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру»; «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Базалық деңгей. Жалпы меңгеру»; «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру»; «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Жоғары деңгей. Жалпы меңгеру»; «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Жоғары деңгей. Жалпы меңгеру» ҚР СТ-дары. Әзірленіп жатқан стандарттардың жобалары жария талқылау үшін ҚазСтандарттың ресми сайтында орналастырылатын болады.

Ұлттық стандарттар тіл үйренуші адамның қазақ тілін қай деңгейде меңгергенін және оның коммуникативтік-тілдік құзыреттілігінің қандай дәрежеде қалыптасқанын анықтауға және бағалауға толық мүмкіндік береді. Мемлекеттік тілді кеңінен қолдануды қамтамасыз ететін дәйекті тіл саясаты мен тіл құрылымының негізгі мақсаттарының бірі ретінде мемлекеттік тілді оқыту әдістемесін жетілдіруге және стандарттауға ерекше назар аударылатын болады. Ұлттық стандарттардың мазмұны қазақ тілінің табиғи, лингвистикалық және стандартты заңдылықтары мен ерек-

шеліктерін (күнделікті-тұрмыстық сөйлеуден ресми-іскерлік, көркем-әдеби стильге дейін) қамтиды және деңгейлер мазмұны мен тілді меңгеруге қойылатын талаптарға байланысты әдіснамалық ғылымның теориясы мен практикасы негізінде топтастырылған.

«Қазақстан стандарттау және метрология институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 2 қазандағы № 639 қаулысына сәйкес құрылған болатын. Кәсіпорын қызметінің мақсаты: техникалық реттеу, өлшем бірлігін қамтамасыз ету және стандарттау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу, стандарттау және өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды үйлестіру; техникалық реттеу, стандарттау және өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесін дамыту және жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыруға қатысу; техникалық (эталондық) және нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру жолымен республикада өлшем бірлігін қамтамасыз ету; өлшемдердің дұрыс нәтижелерін алу үшін ғылыми зерттеулер жүргізу; кәсіпорындар мен ұйымдарға ақпараттық қызмет көрсету және метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жүргізу; метрология саласында кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру; техникалық реттеу, өлшем бірлігін қамтамасыз ету және стандарттау саласындағы жобаларды басқару және процестерді цифрландыру.

**Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»**

КӨКЕЙКЕСТІ

Нашақорлыққа қарсы күрес күрделі мәселе. Нашақорлық – қоғамды толғандыратын ең өзекті әлеуметтік мәселелердің бірі, ал ең қауіпті қылмыстардың бірі – есірткі заттарын сату. Өйткені, қоғамымызда бұл зиянды затқа құмарлық танытушылар саны күн санап көбеюде. Адам денсаулығын құртып, сананы улайтын аталмаш затқа әсіресе, жастар мен жас балалардың әуес болуы үлкен алаңдаушылық туғызады.

Біздің еліміз халықаралық есірткіге қарсы көптеген жобаларға қатысады, елде халықаралық операцияларды ұйымдастыру, транзит арналарын жою және трансұлттық қылмыстық топтардың жолын кесу үшін құқықтық құралдар жасалды. Құқық қорғау органдары осы зұлымдықтың таралуына қарсы тиімді күресті ұйымдастыруда дәйекті шаралар қабылдауда. Қазақстан аумағына жаңа, оның ішінде өте күшті әсер ететін есірткілердің әкелінуі алаңдатады. Олардың біреуі – психотроптық заттардың жаңа синтетикалық аналогтары – синтетикалық каннабиноидтар. Шегетін қоспалар ароматикалық құрал түрінде көбінесе интернет-магазиндер арқылы сатылады. Шегетін қоспаларды дайындау тәсілі – құрғақ шөптерді химиялық заттар, ароматизаторлар, витаминдер және синтетикалық каннабиноидтармен малтып дайындайды. Қазіргі таңда 160-тан жоғары синтетикалық каннабиноидтар түрлері белгілі және жаңа түрлерінің синтезі үнемі өсуде.

Есірткілердің заңсыз айналымы саласында жағдайдың нашарлауы қоғамға қауіп төндіреді.

Мәселен, Б. деген азамат 2020 жылдың сәуір айында Атырау қаласының сыртында екі полиэтилен пакетке салынған аса ірі мөлшердегі кептірілген марихуананы тауып алып, қасақана, пайдақорлық ниетпен, оларды өткізу мақсатында, заңсыз сақтаған. 02.04.2020 жылы сағат 17.00 шамасында Б. аталған есірткізаттарды А-ның басқаруындағы «Той-ота Камри» маркалы автокөлігімен Атырау қаласына тасымалдап бара жатқанда полиция қызметкерлері ұстаған.

ЕСІРТКІ САНАНЫ УЛАЙДЫ

Осы қылмыстық іс бойынша ол 12 жыл мерзімгі бас бостандығынан айыру жазасына сотталды, жаза өтеу орны қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесі.

Тағы бір екі азамат 2022 жылдың қараша айында аса ірі мөлшердегі кептірілген марихуананы Атырау қаласындағы есірткі затын тұтынатын тұлғаларға өткізетін болып алдын ала келіскен.

Осы келісім негізінде Ө. деген азамат 10 қараша, сағат 17.00 шамасында «Рено» көлігімен 2 қап пен 1 дана пакетке салынған аса ірі мөлшердегі кептірілген марихуананы заңсыз өткізу мақсатында Рембаза ауылындағы үйге алып келген. Содан соң С. екеуі оларды үйдің ауласындағы «Опель омега» көлігінің жүк салғышында жасырған. Алайда, полиция қызметкерлерінің жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу барысында аталған жайларды анықтап «Опель омега» көлігінің жүк салғышына тергеу судьясының санкциясыз тінту жүргізу кезінде жалпы салмағы –18 951 гр аса ірі мөлшердегі кептірілген есірткі затын тәркіледі.

Сот оларды кәнілі деп танып, 12 жылдан бас бостандығын айыру жазасын тағайындады. Жаза өтеу орны ретінде қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесі белгіленген.

Қазіргі уақытта көптеген жастар жеңіл табыс табу мақсатында адамгершілікке жат қылықпен айналысып, өздерінің өмірлерін құртады. Мектептерде, арнайы білім беру мекемелерінде, жоғарғы оқу орындарында есірткімен айналысу, оны тарату үлкен қылмыс екендігін түсіндіріп, жас ұрпақты аталмыш қылмыстан арашалау жұмыстары үздіксіз жүргізіліп жатса да жастардың арасында бұл қылмыс түрі тоқтар емес. Сот залында, темір тордың ар жағында отырған өрімдей жас балаларды, тіпті, арасында мектеп оқушыларын көрген кезде, бұл дерт қашан тоқтайды, жастарымыз адасуларын қашан қояды, жастардың миын улап, осы арам бизнеспен айналысушылар қашан әрекеттерін доғарады?» – деген сұрақтар мазалайды.

Осы санаттағы қылмыс бойынша тағы бір мысал келтірейін, 2020 жылы, сағат 02.10-да сотталғандар Ж.,Ж.,Ф. Атырау халықаралық әуежайында ұсталды. Оларды ҚР ҰҚК Атырау



облысы бойынша департаментінің қызметкерлері ұстаған. Күдіктілерді Атырау облыстық ауруханасына апарып, компьютерлік тамографиядан өткізген. Олардың асқазандары мен ішектерінде бөтен заттардың бары анықталғаннан кейін, облыстық аурухана дәрігерлерінің көмегімен тазалау процедуралары жүргізілген. Ж.-ның тік ішегінен 19 дана, Ж.-ның тік ішегінен 64 дана, Ф.-ның тік ішегінен 59 дана полиэтилен пакетіне салынған героин есірткі заты алынған. Сотта бұл тұлғалардың кінәлары дәлелденіп, ұзақ мерзімге бас бостандығын айыру жазасына сотталды.

Сонымен қатар, жастар мен мектеп оқушылары арасында синтетикалық есірткі көп тараған. Мысалы, 16 жастағы мектеп оқушысы ұялы телефонымен «OLX» әлеуметтік желісі арқылы «ТОХА» атты қолданушы шығарған «Курьер» деген жұмыс жарнамасын көріп, сол мессенджер арқылы «ТОХА» атты қолданушымен сөйлескен. Ол қолданушы басқа мемлекетте отырып, мектеп оқушысына заңмен тыйым салынған «Мефедрон» синтетикалық психотроптық заттарды Атырау қаласының аумағында кез келген жерлерге жасырып, координаттарын және фотоларын оған жіберу

«Психикалық денсаулық орталығымен» бірлесе отырып, мектептерді, оқу орындарын тіпті, халық көп жиналатын орындарда жастарды салауатты өмір салтын ұстануға шақыру, есірткі затына жақындамау жөнінде жобалар өткізілуі қажет. Мектептерде оқушылардың оқу бағдарламаларына арнайы «Құқықтық тәрбие» сағаттары қосылып, бұл сабақтарға тәжірибелі практик-заңгерлер шақырылып, өсіп келе жатқан балалардың арасында нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес стратегиясына әлеуметтік имунитетті қалыптастыру үшін жұмыс жасау қажет.

Сонымен қатар, мектептер мен оқу орындарына тексеру жұмыстарын жүргізіп, нашақорлыққа бейім, қызығушылығы барларды анықтау қажет деп есептеймін. Бұндай әрекеттер жастарды жаман қылықтан арашалап, өз өмірлері өз қолдарында екендігін сездіруге үлкен септігін тигізеді.

**Тыныштық НУРИМОВА,
Атырау облысының қылмыстық істер
жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының судьясы**

(Соңы. Басы 1-бетте)

Зерттеу – өткен дәуір шындығы

Әңгіме желісіне қайта келсек, тілшіліктен соң Жақыпбек Алтайұлы 1973 жылдан бастап М.О.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институты, философия кафедра-сының ассистенті болып жұмысқа қабылданады. Айта кетер бір заң-дылық, оқуға түсерден бұрын бір жыл жұмыс істеп шыңдалған болса, сабақ берерден бұрын да бір жыл тілшілікте жүріп шырығады. Өстіп ғылыми қызметке ұласқан ұстаздық қызметіне өмір көріп үлкен дайын-дықпен келеді. Тура есептесек: 2023-1973=50, алдыңғы жұмыс тәжірибесін есептемегеннің өзінде тек педагоги-калық қызметке Жақыпбек Алтай-ұлы тұп-тура 50 жылын, яғни, аттай жарты ғасырын арнап келеді екен. Институтта үш жыл жұмыс өткерген соң жас маман 1976 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік уни-верситетінде философия және эконо-мика факультетінің «Философия тарихы және логика кафедрасымен» үйлесімді байланыстағы Қазақ КСР Ғылым академиясының «Философия және құқық институтына» мақсатты аспирантураға жіберіледі. Дәл осы аспирантурада Жақыпбек Алтайұлы-ның ғылымға даңғыл жолы ашылып, бүкіл ғылыми өмірін айқындаған тұлға Ағын Хайроллаұлымен Қасым-жановпен жолы түйісіп, таныстығы басталады. Ағын Қасымжановтың жетекшілігімен 1982 жылы «В.И.Ле-ниннің «Философиялық дәптерлері» мен «Имперализм дәптерлеріндегі» қарама-қайшылық мәселесі» тақыры-бында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты. Осы бір тұстан ұстазға арналған мақаламыздың ерекшелігі көрінетін шығар. Олай дейтініміз егер тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында осы мақала жазылса бәлкім диссертация атауын көрсет-пестен кандидаттығын қорғады деп келте қайыраp ма едік... Ондағы гәп әрине В.И.Ленин атауында. Сөз жоқ, ХХ ғасырдағы совет философиясы біржақтылыққа ұрындырды, жалаң, қасаң, абстрактілі идеялар жетегіне байланды. Одан қалған стереотип біpер жыл көрініс беруі заңдылық еді. Империялық саясаттың құр-баны болған біздер үшін сол тұста Маркс, Энгельс, Ленин туралы айтып, жазғанымыз құдды құмырадан атып шығар жындай шоршып түсер күйге жеткізер еді. Қорықпайық, ендігәрі құтыдан жын шықпайды. Марксті де, Энгельсті де, Ленинді де сын көзімен қайта қарап, тіпті дұшпан болған күн-нің өзінде ішіндегі озық ойларынан алатынды алуымыз керек. Ендеше Жақыпбек Алтайұлының ғылыми жұмысының Философиялық дәптер-лерге қатысты бөлігін аттап өтпей, атап өткеніміз дұрыс-ты. Ол зерттеу – өткен дәуір шындығы! Бұл зерттеу жұмысынан ілгеріде айтқанымыздай тіршілік қылған шаруашылықты ара-лап тілшілік қылған Жақыпбек Ал-тайұлының әлеуметтік-экономикалық білім тәжірибесінің іздерін де байқай-мыз. Сондықтан бұл зерттеу қоғам философиясы, тарих философиясы, экономика философиясы, қала берді сол кездегі саяси экономика, қазіргі экономика, макро-микроэкономика көрініс тапқан іргелі кешенді зерттеу-лер болғандығы жөнінде әділ бағасын алғаны құба-құп. Оның үстіне жас зерттеушінің аталған диссертациясы ғылыми жетекшісі Ағын Хайроллаұлы-ның 1968 жылғы, 168 беттен тұратын «В.И.Лениннің «Философиялық дәптерлерін» қалай оқып үйренуге болады» (Как читать и изучать «Фило-софские тетради В.И.Ленина») деген еңбегінің жаңа бағыттағы диа-лектикалық жалғасы. Ж.А.Алтаевтың осы жұмысын кеңінен атап өткеніміз, оның ұстазы А.Х.Қасымжановты да үстемелеуіміз. Мынадай бір паралель ой келтірейік: Антик ойшылдарын қырық аударып оқып түсіне алмаған

Ибн Сина екінші ұстазы әл-Фарабидің солар жайлы еңбегін бір-ақ рет оқып түсінген. Дәл осы сияқты, Ленин-нің философиялық дәптерлерін сан айналдырып түсіне алмаған совет зерттеушілері, үшінші ұстаз А.Х.Қа-сымжановтың осы туралы кітабын оқыған бетте-ақ түсіне кеткен. Осы бір келтірген параллель жағдайлар үнемі назарда жүргені дұрыс.

Ұстаз. Ғалым. Қайраткер

Жақыпбек Алтайұлының бұдан кейінгі ғылыммен өрілген өнегелі өмірі ұстаздықты, ғылымды, қайрат-керлікті теңдей алып жүруімен ерек-шеленеді. Министрлік жолдамасымен 1980–1985 жылдары Алматы темір жол көлігі инженерлік институты-ның (қазіргі Логистика және көлік академиясы), философия кафедрас-ындағы ұстаздық қызметін табысты өткереді. Бұл кезеңде онтология, гносеология мәселелерімен айна-лысады, диалектикалық еңбектерді саралайды. Бұл оқу ордасында оқы-тушыдан аға оқытушы, доценттікке дейін қызметі өсіп, философия мен инжинирингті, технология мен тех-

ген еңбегі үшін ҚР Білім және Ғылым министрлігінің ме-далімен, Фараби-тану ғылымына қосқан үлесі үшін «Әл-Фараби» ал-тын медалімен ма-рапатталып, еңбек-тері ел тарапынан ескеріледі. Бұл ма-рапаттар Ж.А.Ал-таевтың сіңірген еңбектерінің шире-гіне ғана тұрады. Қазақ философия-сының өр Алтайы-ның басты марапа-ты – еңбектерінің көпшілікке жетуі, даруы, оқылуы, интеллектуал ұлт қалыптастыруға ықпалы, ұлттық болмыс құруға әсері, тау асып әлемге тарауы.

Ғалым қызметін шартты түрде бір-неше аяда қараға-



ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ӨР АЛТАЙЫ

никаны, логистиканы ұштастыра біледі. Бұл білімдері кейіннен Ғылым философиясы, Техника философиясы бойынша еңбектеріне арқау болады. Негізі, қайсыбір мекеме немесе оқу орны уақыт тұрғысынан алғанда қандай да бір тұлғалар есімімен тіке-лей байланысты, оны жоққа шығара алмаймыз. Мысалы, ҰҒА Философия институтымен Ә.Нысанбаев, С.Нұр-мұратов, Н.Сейтахметова, Б.Сатер-шинов есімдері, ҚазҰПУ-мен М.Сәбит, Д.Құсайынов есімдері, ҚазҰТУ-мен Д.Кішібеков есімдері ассоциативті байланыста болса, сол кездегі Темір жол институтымен Ж.Алтаев есімі, ал осы институттың бүгінгі трансформа-циялы нысаны Логистика және көлік академиясымен Серік Мырзалы есімі тікелей байланысты.

Жақыпбек Алтайұлының бұдан кейінгі қызметі 1985 жылдан бастап ҚазҰУ-дың философия және сая-саттану факультетінің философия және әлеуметтік таным методоло-гиясы кафедрасында жалғасады. Міне, бұл жалғастық күні бүгінге дейін келе жатыр. Ұлттық универ-ситетте кандидаттықтан, доценттік-ке ұласқан ғалымның қызметі ака-демиялық-ғылыми жағынан өсіп, докторлыққа (21.11.1997), профес-сорлыққа (05.06.1998), ЖОО үздік оқытушылығына, ал одан кейін (09.01.2012), ҚР ЖМ ҰҒА коррес-пондент-мүшелігіне дейін ұласады. Ұйымдастырушылық-басшылық қыз-меті де жылдар бойғы кафедра меңге-рушілігімен, Әл-Фараби ғылыми-зерт-теу орталығының директорлығымен сипатталады. Қазығұрт ауданы-ның «Құрметті азаматы», еліміздің маңдайалды ғалымы Ж.А.Алтаев Қазақстан ғылымын дамытуға сіңір-

нымыз орынды болар: Ж.Алтаевтың қазақ, түрік дүниесі, ислам филосо-фиясындағы үлесі, фарабитанудағы үлесі, философия тарихы мен теор-иясындағы және ғылымдағы үлесі, ел имиджін қалыптастырудағы үлесі. Бағамдап көрсек, Жақыпбек Алтай-ұлы тәуелсіздікке дейін күллі фило-софиялық мұраны електен өткізіп, даналық хикметін сіңірсе, тәуел-сіздіктен бастап жиған терген ізгілік ой лабораториясынан өткен туын-дыларын кеңінен паш етеді. Әлемдік философия айдынына түсуге, ғалам-дық философия көгіне шарықтауға онтология, аксиология, антропология мұхитына тереңдей түсуге ғалымның өресі де, білімі мен білігі де жететін. Ғалым философиясында экзистен-циализм де, антропология да, жа-ратушы, табиғат, адам, сана, қоғам болмысын тұтас қамтыған онтология да жатты. Бірақ, Жақыпбек Алтайұлы ұлт мүддесін алға қойып әлі де ешкім жүрмеген соқпақ – қазақ философия-сына түрен салды, соқа тартты. Ал бұл сүрлеу ғана емес, көз ұшынан әрі түрік дүниесімен астасқан сайындай-ын кеңістік-тің. Ж.Алтаев әрдайым айтулы философтармен рухани һәм шығармашылық байланыста болды. А.Х. Қасымжановпен байланысынан философ-ғалым болып қалыптасқан болса, Аманжол Қасабекпен шығар-машылық байланысынан Қазақ фило-софиясының тарихына кіріспе (1994), Қазақ философиясы (1996), ал, М. Орынбековпен рухани байланы-сынан Қазақ даласының ойшылдары ІХ-ХІІ ғ. Әл-Фараби философиясы (1995), Т.Ғабитовпен байланысынан Философия және мәдениеттану (1998) секілді соны туындылар жа-рыққа шықты. Әрине, Ж.Алтаевтың

қазақ философиясын зерделеудегі ғылыми шығармашылығының логика-лық қорытындысы «Қазақ философи-ясының қалыптасуы» тақырыбындағы үлкен докторлық диссертациясы болды. Логикалық қорытынды болға-нымен бұл зерттеу кейінгі түрік фило-софиясы мен ислам философиясы бағыттарына арналы жолдарды ашып берді. Оған түркілердің өркениетке қосқан үлесін сипаттаған көптеген зерттеу еңбектері мен ислам филосо-фиясына байланысты еңбектері кіреді (Ислам философиясы, Ортағасырлық классикалық ислам философиясы бойынша оқу құралдары т.б.).

Фарабитанымына қосқан еңбегі телегей

Ж.Алтаевтың фарабитанымдағы үлесі айтып жеткізгісіз, телегей-теңіз. 2008–2020 жылдар аралығында «Әл-Фараби ғылыми-зерттеу орта-лығын басқарған кезеңінде шебер ұйымдастырушылық қабілеті арқа-сында министрлік назарын аударта отырып талай іргелі зерттеулерге гранттық қаржыландыруға қол жеткі-зе білді. Осының арқасында «Әл-Фа-раби және қазақ халқының рухани мәдениеті», «Түркілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесі: әлеумет-тік-философиялық аспектілері, «За-манауи әлемдік және қазақстандық мәдениеттің дамуындағы Әл-Фараби мұрасы» жобалары табысты жүзеге асты. Әл-Фараби бабамызға қатыс-ты жүздеген баспа табақ еңбектер, томдаған кітаптар басылып шықты, көптеген конференциялар, шаралар өткізілді, сандаған фильмдер түсіріл-ді, шетелдермен барыс-келіс орнап, Фараби мәдени дәнекерге, сұхбаттар тақырыбына айналды. Ол игі істер науқанымен ғана шектелмей күні бүгінге дейін дәстүрге айналып үл-герді. Мәселен, 2014 жылдан бастап

өткізіліп келе жатқан Халықаралық «Фараби Форумы» осының айғағы. Бұл істің «авторлығы» Ж.Алтаевқа тиесілі. Ұстазын ұлықтаған шәкіртін орнықтырған жүйелі түрде өтетін «Қасымжанов оқулары» да осы са-наттан. Жақыпбек Алтайұлының оқырмандары ат төбеліндей академи-ялық орта, тар шеңберді маманданған кәсіп иелері, тек философтар ғана емес. Олар қалың оқырман, бүкіл факультеттегі, еліміздің бүкіл оқу орнындағы, барлық мамандықтағы студенттер. Ұстаз Фараби арқылы Анахарсис, Қорқыт, Жүсіп Баласағұ-ни, Махмұт Қашқари, Ахмет Йүгінеки, Сүлеймен Бақырғани сынды ғұлама-ларды да басқа қырынан танытқаны секілді, философия арқылы қазақ философиясын, ал ол арқылы тұтас қазақ елін, оның имиджін қалыптас-тырды. Университетімізді, Елімізді әлемге танытты.

Философияның шырақшысы

Ғалым ұстаздың қайраткерлігі өз алдына бір төбе. Білімді ғана місе тұтпай, керек кезінде батыл мінезін де көрсетіп келе жатқан ұлы ер тұлға. Кейбір оқу орындар философия қа-жет емес, алып тасталсын дегенде ректор, министрлікке сарабдал ой-лары мен ұсыныс тілектерін айтып, философия антологиясын атқарған да осы Жақыпбек ағамыз.

Жақыпбек Алтайұлы нағыз өз за-манының тумасы. Ж. Алтайұлы ара-гідік мақаласы жария болып жылдар салып не жылға салым кітабы шыға-тын ғалымдардан емес. Ғалым аға-мызға нәтиже, жеміс, өнім, өнімділік, шапшандық тән. Жақыпбек аға рух лабораториясын, рух фабрикасы мен рухани конвейерін орнықтыра білген, кітаптарын жылма-жыл, мақалаларын айма-ай үздіксіз, ұдайы, үдете, өндір-те шығарып келе жатқан феноменал қабілет иесі. Бәріне уақыт табады. Уақыт ішінен микроуақыт тауып алған ба дерсің... Бұның өзі бәрімізге өнеге, түрткі һәм мотивация. Ғылымдағы сү-белі үлесінің сыры осы шапшандықта болса керек.

Жақыпбек Алтайұлының жау-аптылығы мен өз ісіне берілгендігі өз алдына жеке әңгіме. Кафедраны басқарған тұста факультет Амангелді көшесіндегі қазіргі Біліктілікті көтеру институты ғимаратында еді. Кісілігі мен кішілігі өне бойынша көрініп тұратын. Құдды Иммануил Кант дер-сің. Сағат 10-дар шамасында екінші қабаттағы оқу залына соғып мерзімді баспасөзді бір шолып шығатын. Ма-ман, лаборанттар әкеліп берсе де болатын-ды. Жоқ, ұстанымы сол, артық ешкімді мазаламайтын. Сту-денттерден бастап өтініш қылған-ның бәріне жайдары сөзін де, көме-гін де аямайтын. Жұмысқа рингке шыққандай құлшына кірісетін. Сағат кешкі алтыдан ғимараттың самала-дай шамдары бірінен соң бірі сөне бастағанда екінші қабаттағы кафедра шамы мен үстелдегі шамшырақ әлі де жанып тұратын. Бұл Жақыпбек ағаның күнтізбеге парағына «орындал-ды, ертеңге қалды, ертеңгі кездесу, ертеңгі істер...» деп жазба түсіретін сәті. Вахта дәптеріндегі кілтті ерте алған не бәрінен кейін өткізген тұста «Алтаев» деген белгілер назар ау-дартатын. Осынысымен де Жақыпбек Алтаев кафедраның, философияның «кілтін ұстаушысы», шамын жаққан «шырақшысы» деуге тұрарлық.

Аға жайында айтарымыз да, жаза-рымыз да көп. Олар әлі де айтылып, жазыла да береді.

Жасай беріңіз! Кемел жасыңыз құтты болсын Жақыпбек аға!

**Әсет ҚҰРАНБЕК,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Философия кафедрасының
меңгерушісі,**

**Ерболат ҚОШҚАРБАЕВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Философия кафедрасының
аға оқытушысы**

ОҢ ҚАДАМ

Жыл сайын еліміздің жетекші білім ордалары мектеп бітірушілерге арнап ашық есік күнін өткізеді. Бұл шара жастардың Қазақстандағы жоғары оқу орындары тура-лы терең мағлұмат алуына, өзінің қабілет-қарымына сай мамандық таңдауына айрықша ықпал етеді.

Ашық есік күнін өткізу-ге әл-Фараби атындағы Қа-зақ Ұлттық университеті де тұрақты көңіл бөліп келеді. Бұл маңызды басқосуға заң факультетінің кеден, қаржы және экологиялық құқық ка-федрасының оқытушылары

мен студенттері де белсенді атсалысуда. Университетіміз-ге келіп білім ордасының тарихымен, оқытушылар құрамымен, мамандықтар тіз-бесімен танысып жүрген мек-теп түлектеріне айтар кеңес, берер ұсынысымыз аз емес.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІНІҢ ПАЙДАСЫ КӨП

Соның ішінде біз оқушыларға заң факультетінде білім алып жатқан үздік студенттермен, магистранттармен, жас ға-лымдармен кездесуге, пікір-лесуге мүмкіндік береміз. Бұл не үшін керек? Оқушы-лар мектеп бітірер кезде үл-кен таңдау алдында тұрады. Жастарды жалған жарнамаға сеніп жаңылыспауда ҚазҰУ-да оқып жатқан студент-тердің көмегі көп. Студенттер өзі таңдаған білім ордасын-дағы басымдықтарды жақсы

біледі. Соған орай, олардың айтқан кеңесі мен ұсынысы да нанымды шығары анық.

Жалпы, елімізде заңгер мамандығына дайындайтын білім ордалары баршылық. Білім саласына жүргізілген реформалардың нәтижесін-де талапқа сай келмейтін оқу орындары ғана емес, ортақ тәртіпке лайық білім бере алмайтын факультеттер де жабылғаны белгілі. Сон-дықтан ашық есік күндерінде оқушыларға білім ордасының

материалдық, техникалық базасын көрсетіп, кітапхана қорымен, электрондық архив-те сақталған материалдар-мен жан-жақты таныстырған абзал. Оқу корпусындағы балалардың алаңсыз білім алуына жасалған жағдай да білім ошағын таңдауда үлкен маңызға ие. Бұдан бөлек, мықты маман болуды арман-даған жастар білім ордасының профессорлық-оқытушылық құрамына, заманауи қажет-тіліктерге сай шетелдік оқу

орындарымен әріптестік бай-ланысқа да көңіл бөлгені жөн. Осы артықшылықтың бәрі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да бар. Тек осыны мектеп түлектеріне көрсетіп, дұрыс бағыт бере алсақ болғаны.

**Айдана РАХМЕТОЛДИНА,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың кеден, қаржы
және экологиялық
құқық кафедрасының
оқытушысы**

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨҢГІМЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өкінішке қарай, Ұйғыр ауданындағы бұған қатысты қазіргі жағдай мәз емес. Аудандық архивтің ұзақ уақыт ғимараты болмаған соң ондағы тарихи құжаттардың бәрі облыстық архивке берілген. Онда тек аудан халқының тууы мен қайтыс болуына қатысты құжаттар берумен ғана шектеледі екен. Бұл архив жұмысына үлкен сын деп ойлады. Тіпті, XX ғасырдың басындағы аймақ үшін маңызы бар құжаттардың көшірмелерін алдыруға болады ғой.

— **Бұл жергілікті тарихқа деген басшылардың көзқарасын көрсетпей ме?**

— Рас айтасыз. Бұл тарихқа, мәдениетке жаны ашитын, оның маңызын түсінетін және жұмысты дұрыс ұйымдастыра білетін адамның ешкімнен нұсқау күтпей жасайтын ісі ғой. Жергілікті жерден шыққан адамдардың жеке істері, тектік қорлары деген болады архивте. Мысалы, ауданнан шыққан адамдардың жеке тектік қорын жинауға болады. Бұл жерде жеке тектік қорда 4-5 адамның ғана ісі бар. Одан басқа мүлде жеке іс жинау жүргізілмеген. Ауданнан республикаға танымал қаншама ақын, жазушы, ғалымдар шықты. Мемлекет және қоғам қайраткерлері де аз емес. Солардың құжаты жиналатын болса, тарих үшін сауапты іс қой. Мәселен, экспедицияның екінші жартысында Кеген ауданында болдық. Архиві өте жақсы. XX ғасырдың басындағы бүкіл құжат тұр. Тіпті, ұжымдастыруға қарсы шыққан адам саны, олардың қаншасы Совет үкіметі тарапынан қудаланды, сотталды, қанша отбасы Қытайға көшіп кетті деген сияқты мәліметтер жинақталған.

«Рухани жаңғыру», «Туған жер» сияқты мемлекеттік бағдарламалар болды бізде. Жергілікті халықтың сол істердің басы-қасында жүруі, өз тарихын көтеруі маңызды емес пе? Кегендік өлкетанушылар, шежіреші, мектептің тарих пәнінің оқытушылары архивке баратын болса, жақсы жұмыстар шығаруына барлық мүмкіндік бар екен.

— **Ұйғыр ауданында тарихи-өлкетану музейі де жоқ қой?**

— Аудан орталығында мұндай музейдің болмауы өте кемшін жағдай. Ал, Кегенде тас дәуірінен бергі ауданның табиғатынан бастап, тарихын, этнографиясын, сол жерден шыққан адамдардың қызметін және өңірдің бүкіл тыныс-тіршілігін түгел көрсететін әдемі музей жұмыс істеп тұр. Қоры да өте бай. Ұйғыр ауданында дәл осындай музейді неге жасамасқа? Себебі, біздің тарихымыздың тас дәуірінен бастап бүгінгі күнге дейінгі бүкіл ескерткіштері аудан аумағында шоғырланған. Мысалы, Кетпен тауының етегіндегі үңгірдің палеолит кезеңінде алғашқы адамдар тұрағы болғаны анықталған. ҚазҰУ-дың тарих факультетінде декан болып тұрғанында археолог ғалымдармен бірлескен зерттеу жұмысын үйлестірудің басы-қасында жүрдім. «Тас дәуірі кезеңіндегі Жібек жолы» деп аталатын бір халықаралық жоба бар. Алғашқы адамдар пайда болған кезеңдегі қарым-қатынасты зерттейді. Оны АҚШ-тың Нью-Йорк және Германиядағы Тюбинген университеттері мен біздің Астанадағы Ұлттық мұражай қызметкерлері



Мендігүл НОҒАЙБАЕВА, тарих ғылымдарының кандидаты:

«ТАРИХИ ЖӘДІГЕРЛЕРДІҢ ТАҒДЫРЫ ЕШКІМДІ АЛАҢДАТПАЙДЫ»

жасаған. Соның басы-қасында жүрген шетелдік Раду Иовитца былтыр жазда жасалған экспедициясының нәтижесіне сай бұл үңгірдің палеолит дәуірінде адамдардың қонысы болғаны анықталғанын, онда алғашқы адамдардың ізі барын айтты. Одан кейін Дардамты, Ардолайты деген ауылдар жақта жергілікті халық Асан таулары дейтін жерде қола дәуірінің петроглифтері бар.

— **Бұлар Ұйғыр ауданының археологиялық және тарихи-мәдени ескеркіштерінің тізіміне енген бе?**

— Палеолит дәуіріндегі үңгір де, қола дәуіріне жататын петроглифтер де кірмеген. Ұйғыр ауданының археологиялық және тарихи-мәдени ескерткіштерінің тізімі соңғы рет жаңылмасам 2009 жылы жасалған. Оның өзі толық емес. Қарадала өңірін машинамен ары-бері кезсеңіз сақ-үйсін дәуіріне қатысты ескерткіштер толып жатыр. Шонжының минералды суларына кетіп бара жатқан жолда да олар төбе-төбе болып тұр. Онда еліміздің түкпір-түкпірінен және шетелден туристер көп барады. Қазір әлемде ежелгі обаларды музейге айналдырудың жақсы тәсілі бар. Егер соны жасаса ауданның да бюджетіне қосымша қаржы түсетін және халықтың тарихы мен мәдениетін таныстыратын керемет дүние болушы еді. Мәселен, сондай обаның бірі жол бойында бүркіттің ескерткіші тұрған төбенің астында жатыр. Оған ешкім қарап жатқан жоқ. Төбесіне шығып, суретке түсіп жұрт ары-бері секіріп жүр.

— **Сүмбедегі ортағасырлық**

қаланың орнында да болдыңыздар ма?

— Жазба деректерде бұл қала Лабан деген атпен белгілі. Оны кезінде Кемал Ақышев пен Карл Байпақов зерттеген. К.Байпақовтың еңбектерінде аталған қала туралы көптеген қызғылықты мәліметтер бар. Лабан — Отырар, Сауран сияқты үлкен қала болмағанымен, өз заманында сауда жолының бойында тұрған ерекше маңызға ие қала. Себебі, ортағасырлық деректерде аты аталған. Кейде бұл Лабан емес, Албан шығар деп ойлаймын. Бұл қаланың ұзындығы 230, ені 140 метрлік орнына жүргізілген қазба жұмысы кезінде құрылыс қабаттары IX-X және XI-XII ғасырларға тән екені анықталған.

Өзіңіз де білесіз ескерткіштерді жергілікті, республикалық, халықаралық маңызы бар деп жіктейді. ҚазҰУ студенттері қазып жүрген Ақтөбе деген осындай қалашық бүгінде ЮНЕСКО қорғауына алынды. Ал Лабан жергілікті мәні бар ескерткішке жатқызылған. Оның статусын қайта қарау керек деп ойлаймын. Қалаға барып жүрегіміз ауырып кетті. Шетелде тарихқа қатысты кішкентай ескерткіш табылса музей салып, дәріптеп жатады. Бізде тұтас бір қала жатыр. Оның шашылып жатқан керамикасын қазудың да қажеті жоқ. Арасында халықаралық сауда байланыстарын көрсететін біздің жерімізде жасалмайтын мәрмәр тастардың сынығы жатыр. Қаланың орны қоршалмаған. Оның үстіне ауыл тұрғындары қала орнына қора-қопсысын, үйін салып, малын жаяды. Кезінде осындай немқұрайлылықтан Сарайшықты да

жоғалтып алдық қой. Өкінішке қарай, аудандық мәдениет басқармасындағы адамдарды ортағасырлық қаланың тағдыры алаңдатпайтын сияқты. Өз тәжірибемнен білем әрбір ескерткіштің артынан бір адам жүгіру керек. Кейде ортағасырлық кейбір ескерткіштердің артынан археологтардың өзі жүгіреді. Өйткені, олар оны өмір бойы қазады. Ал мына ескерткішті К.Байпақов қазғаннан кейін ешкім қарамаған. Зерттеуді жалғастыратын адам да жоқ.

— **Марқұм Арнабай Нұржанов Қазақстан аумағында ортағасырлық 400 қала бар деп еді-ау.**

— Қазақстанның археологиясында ортағасырмен айналысатын мамандар саны өте аз. Олар бүкіл Қазақстанға жетпейді. Сондықтан мұндай құнды ескерткіштерді сақтап қалу үшін аудандық, облыстық мәдениет басқармалары мен аудан, облыс әкімдіктерінен не істеп отырғанын сұрау керек. Олардың қызметі жиынтоы, концерт қойғаннан аса алмай жүр. Қажетті дүниелерді ең алдымен солар жасау керек қой. Ескерткіштерді қоршап, ерекше қорғауға алу керек. Археологиялық қазба жұмысын жалғастыруға бастамашылық жасауы тиіс. Ал, Лабаннан табылған жәдігердің кейбірі Сүмбе мектебінде тұр. Ол мектепте емес, музейде

тұруы керек. Ақпараттық-танымдық, насихат жұмысы жүргізілмегендіктен Сүмбенің төмен жағындағы ауылдардың тұрғындары онда IX-XII ғасырдағы керемет ескерткіш жатқанын мүлде білмейді.

Дәл осындай қала не қала орындары Шарыннан ары қарай Ақтеріскен жерінде де бар. Бала кезімізде атана, ағаларымыз керемиканың қалдықтарын жинап әкелетін. Ұйғыр ауданының археологиялық және тарихи-мәдени ескеркіштерінің тізімінде олар да жоқ.

— **Жастардың «қазақтың ұлы тұлғалары атында неге көше жоқ» деп бастама көтергені есімізде. Бұл Ұйғыр ауданындағы идеологиялық жұмыстың ақсап жатқанын көрсетпей ме?**

— Экспедицияның нәтижесінде қоғамдық даму орталығына өз пікірімізді жазып бердік. Бізді бастап барған Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры Зиябек Қабылдинов ағамыз аудан тарихына қатысты жазылатын кітаптың мазмұнын көрсетіп берді. Онда бұл кітап қандай болу керек, оны институтта кім жаза алады деген мәселені де қозғап, бұл жұмысқа ғалымдар дайын екенін айтты. Тек оған облыс әкімшілігі тарапынан қолдау болса болды. Ұсыныстардың ішінде өлкетану музейін ашу, ауданның тарихи-мәдени ескерткіштерінің тізімін қайта жасау, Сүмбедегі ортағасырлық қаланы қорғаудың статусын шұғыл түрде өзгерту де бар. Сондай-ақ, ауданда ұлттық құндылықтарға негізделген халықтың ұлттық рухын көтеретін және этносаралық татулық пен

бірлікті насихаттайтын іс-шараларды қолға алудың маңыздылығы туралы пікірімізбен бөлістік.

— **Қарадала шайқасы жоңғарларға қарсы ең соңғы ірі шайқастың бірі болған деген қаншалықты рас?**

— Жетісу жерінде жоңғарларға қарсы соңғы шайқастардың жүруі заңды. Ол кезде жерді жаудан тазарту, елді толық азат ету үшін азаттық күресінің соңғы ұрыстары осында жүріп жатты ғой. Дегенмен, соңғы деп айту үшін нақты дерекке сүйенуіміз керек. Қолымызда нақты құжаттар болмаған соң мен соңғы шайқас деп айта алмаймын. Оны әлі қарау керек, зерттеу керек. Мысалы, Орбұлақ шайқасына қатысты зерттеулеріміз енді-енді толығып, кітапқа, оқулыққа енетін дәрежеге жетті. Қарадала шайқасы дәл осыны күтіп тұр.

— **«Рухани даму», «Туған жерге тағзым» деген бағдарламалар аясында әр адам туып-өскен жерінің тарихына үлес қосуы керек қой. Бұл ауданнан шыққан тарихшы, ақын-жазушылар ауыл, аудан тарихын жазуда неге белсенді емес?**

— Сол ауданнан шыққан тарихшылар арасында өзімізге ұстаз болған марқұм тарих ғылымдарының докторы, профессор Сәйден Жолдасбайұлы, Кеңес Қожахметұлы ағаларымыз болды. Сәйден ағаның Жетісу тарихына, соның ішінде жергілікті халықтың қала салу ісі, қонысы мен мекендеріндегі ерекше жылыту жүйесі — қаң жүйесі туралы зерттеуі маңызды. Жаңалықтың басты ерекшелігі Жетісу халқының отырықшы егіншілік мәдениетінің өзіндік ерекшелігін көрсететінде. Осы ғалымдардан кейін шыққан жас буын өкілдері аз емес. Бірақ әр тарихшының тандап алған бағыты болады. Менің бағытым ортағасырдағы Алтын орда, Моғолстан тарихы. Ал ауданның ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін тарихын жазу бір тарихшының қолынан келмейді. Тарихшылар белгілі бір кезеңге маманданады ғой. Жергілікті тарихтың тағы бір ерекшелігі ол өлкетанушылар еңбегінің негізінде де жазылады. Қазіргі біздің жалпы тарих ғылымындағы бір олқылық жергілікті тарихқа жете көңіл бөлінбей жатыр. Оның үстіне, тарих факультетінде білім алғандардың бәрі тарихшы бола бермейді.

— **Тарихи жер-су атауына адам есімін беруге қалай қарайсыз?**

— Түбегейлі қарсымын. Адам — қоғам тудырған құбылыс. Жер атаулары тарихи-географиялық құбылыс. Ол бір нақты тарихи оқиғаға байланысты немесе сол жердің географиялық ерекшелігіне байланысты тууы керек. Жер атауы — тарихи оқиғаға байланысты, тарихи оқиға — жер атауына байланысты қойылады. Ол заңдылықты өзгертуге болмайды. Адам қоғамдық құбылыс болғаннан кейін мың жерден керемет тұлға болғанымен, ол адам. Ұйғыр ауданының атауына байланысты Қарадала дегенді ақындар, жазушылар, журналистер айтып жүр. Менің ойымша бұл атқа Шарын атауы керемет келуші еді. Ол алдымен географиялық атау. Содан кейін Шарын каньоны республика ғана емес, әлем бойынша бірегей табиғат құбылысы. Оған ешкімнің таласы жоқ.

— **Сұхбатыңызға рақмет. Еңбегіңіз жемісті болсын!**

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ПАЙЫМ

СОТ САРАПТАМАСЫ - ӘДІЛ ШЕШІМ КЕПІЛІ

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот ғана жүзеге асырады. Ал, судья болса сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз, заңға ғана бағынады.

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», — демекші, кез келген судья істің ақ пен қарасын әділдік таразысына салып, әділетті әрі негізді шешім шығаруы тиіс. Соған орай судьялардың сот сараптамасына жүгінетін жағдайы жиі кездеседі. Елімізде сараптаманы дайындау тәртібі «Сот-сараптама қызметі туралы» заңымен реттеледі.

Азаматтық процестік кодекстің 82-бабына сәйкес, азаматтық істер бойынша сот сараптамасы іс үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау үшін тағайындалады. Сондай-ақ, сот сараптамасын сот тараптың өтінішхаты

бойынша немесе өз бастамасымен тағайындайды. Сарапшы ретінде арнайы ғылыми білімі бар іске мүдделі емес адам шақырылуы мүмкін. Жалпы, сот сараптамасын жүргізу сот сараптамасы органдарының қызметкерлеріне, лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын жеке тұлғаларға, арнайы ғылыми білімді иеленген өзге де адамдарға біржолғы тәртіппен жүктеледі.

Сот сараптамасының нысаны — сот сараптамасын жүргізу арқылы анықталатын істі шешу үшін маңызы бар нақты деректер болса, объектілеріне заттай дәлелдеме, құжат, адамның денесі, адамның психикалық жай-күйі, мәйіт, жануар, үлгі, сот сараптамасы жүргізілетін іс материалдарында қамтылған, нысанасына қатысты мәліметтер жатқызылады. Азаматтық процестік кодекстің 230-бабына сәйкес, сараптама зерттеу сипатына не сот

отырысында зерттеу үшін объектілерді жеткізудің мүмкін еместігіне немесе қиындығына қарай сотта немесе соттан тыс жүргізіледі.

Сарапшының сараптама тағайындалған іс материалдарымен танысуға, сарапшылық зерттеу үшін өзіне қажетті қосымша материалдарды беру туралы өтінішхатты мәлімдеуге, процестік әрекеттерді жүргізуге және сот отырысына қатысуға, соттың рұқсатымен оларға қатысатын адамдарға сарапшылық зерттеу объектісіне қатысты сұрақтар қоюға құқығы бар. Одан бөлек, сарапшы соттың шақыруы бойынша келуге, жан-жақты, толық және объективті зерттеу жүргізуге, жазбаша қорытынды беруге, зерттеліп жатқан объектілердің сақталуын қамтамасыз етуге, істің мән-жайлары туралы мәліметтерді және сараптама жүргізуге байланысты өзіне белгілі болған өзге де мәліметтерді жария етпеуге тиіс. Сарапшылар,

мамандар ақысын сот сараптамасы органдары жүргізген сараптамаға төлемді өтінішхатты мәлімдеген тарап төлейді. Егер өтінішхатты екі тарап та берсе не сараптаманы тағайындау соттың бастамасы бойынша жүргізілсе, онда талап етілетін соманы тараптар тең бөлікпен төлейді. Бір тарап не екі тарап та шығынды төлеуден босатылған жағдайда сарапшыларға тиесілі соманы төлеу сот шешімінің негізінде бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Судьяның әрбір шығарған шешімінің артында адам тағдыры тұрғанын естен шығармауға тиіспіз. Себебі, әр адам тағдырының артында отбасы, бауырынан бөлек, тұтас мемлекет жатыр. Сондықтан, судьяның шығарған шешімі әділеттің айнасы болуы қажет. Қорыта айтсақ, азаматтардың құқығын қорғауда сот сараптамасының маңызы зор.

Алтынай БАЗАРОВА,
Ақтау қалалық №2 сотының судьясы



ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

**ТЫНЫМСЫЗ ТІРЛІКТЕ ТҮЙІНІ ТАРҚАМАЙ
ТҰРҒАН МӘСЕЛЕНІҢ БІРІ – ТҰРМЫСТЫҚ ЗОР-
ЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ. ОЛ БҮГІНГІ ҚОҒАМНЫҢ
БАСТЫ ДЕРТІ.**

Алматы облысы Талғар ауданы прокуратурасының мәліметінше, аудан бойынша орын алған тұрмыстық зорлық-зомбылық оқиғалары негізінде соңғы 3 жылда 1464 адамға қатысты әкімшілік қорғаныс бұйрықтары шығарылған. Олардың 596-сы – 2021 жылы, 712-сы – 2022 жылы орын алса, 156 оқиға 2023 жылы тіркелген. Ал мәселеде мәмілеге келе алмай әкімшілік құқықбұзушылық бойынша қамауға алынғандар саны 70-ке жеткен (2021 жылы – 38, 2022 жылы – 25, 2023 жылы – 7). Аталған кодекстің 73-бабымен 962 адамға әкімшілік жауапкершілікке тарту жазасы қолданылған. Оның 496-сы – 2021 жылы, 396-сы – 2022 жылы, 70-і – 2023 жылы тір-

келген. Бұлардың ішінде 11 тұлға (2021 жылы – 6, 2022 жылы – 5, 2023 жылы – 0) екінші рет әкімшілік жауапкершілікке тартылып отыр.

Бас прокуратура жанындағы Құқық қорғау академиясының жетекші ғылыми қызметкері Т.Түсіп пен Бас прокуратура жанындағы Құқық қорғау академиясының жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының Жалпы заң пәндері кафедрасының доценті Ә. Қуатованың сөзіне сүйенсек, «Отбасылық-тұрмыстық құқық бұзушылықтар әкімшілік заңнаманың салыстырмалы жеңілдігі себебінен емес, көптеген жағдайларда басқа факторлар мен жағдайлардың әсерінен жасалады (тәрбие, өзара қарым-қатынас, сыйластық деңгейі, екеу-

ара реніш-жанжалдар, неке адалдығын сақтамау және т.б.). Басқа себептерге қолайсыз әлеуметтік-экономикалық факторлар (жұмыссыздық, төмен табыс деңгейі, тұрғын үйдің болмауы, кредиттер және т.б.) жатады».

Қылмыстық кодексте (108, 109 б.б.) жеңіл дене жарақаты үшін – 60, ұрып-соғу үшін – 45 күнге дейін қамауға алу қарастырылған. Бұлардың қатарында жасаған қылмысының ауыр-жеңіліне қарай айыппұл салып, түзеу жұмыстарына тарту да бар. Алайда, бұл жазасын өтегеннің бәрі қылмысын қайталамайды дегенге кепіл бола алмайды. Сондықтан ең әуелі адами қарым-қатыстарды жолға қойып, халықтың құқықтық білімі мен мәдениеті, әлеуметтік-экономикалық әлеуеті көтерілмейінше, аталған мәселелердің түбегейлі шешілуі екіталай екені айтпаса да түсінікті.

Ендеше, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды – Асан қайғы аңсаған Жерұйықты әлі қанша күтерімізді кім білсін?! Бір анығы – адамдар арасындағы мейірімділік, қамқорлық, бауырмалдық деген секілді адами қасиеттердің орнын көп жағдайда агрессиялық қарым-қатынас алмастырған мына қоғамда заң қатайып, талап күшеймесе, мұндай қылмыстардың саны көбеймесе, азаймайтын секілді. Өйткені, жаһанданудың жаңа дәуірін бастан кешіп отырған адамзаттың бүгінгі беталысында «мен ғана, маған ғана болсын, менікі ғана болуы

керек, менде ғана бәрі жақсы болуы қажет...» деген менмендік пен өзімшілдік өңмендеп тұрғанда, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының саны азаяды дегенге сену қиын.

Бірақ бұл отбасылық және тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты мәселеге аудандық құзырлы орындар көз жұмып қарап отыр дегенді білдірмейді. Мәселен, Талғар ауданы прокуратурасының бастамасымен полиция қызметкерлері аз қамтылған отбасылардың мекенжайларына барып, оларға құқықтық кеңестер беріп, мерзімді бақылау-тексеру жұмыстарын

тұрақты жүргізіп келеді. Нәтижесінде 67 қолайсыз отбасы анықталған. Өкініштісі, осындай отбасыларда зардап шеккендер арасында кәмелетке толмаған балалар бар. Оларға құқықтық және денсаулық сақтау саласында көмек көрсетіліп, арнайы хаттамалар толтырылып уәкілетті органдарға жолданған. Аталған санатқа жатқызылған азаматтардың өзекті мәселелерін шешу мақсатында ағымдағы жылдың 31 наурызында ведомстваралық кеңес отырысы өткен. Қабылданған шешім бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың бастапқы нәтижелерімен 10 бала кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына ауыстырылып және мүгедектігі бар 2 балаға медициналық көмек көрсетілген. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғаса береді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық тек құзырлы органдар ғана емес, қоғам болып күресетін індет. Жастайынан зорлық-зомбылықтың құрбанына айналған немесе сондай келеңсіз оқиғаларға ерікті-еріксіз түрде куә болған жасөспірімдердің алдағы өмірі мен денсаулығы туралы әңгіме өз алдына бір төбе. Олардың психологиялық мінез-құлықтарында пайда болған ауытқушылықтардың орнын немен толтыруға болады? «Тәрбие – талбесіктен» дейтін қазақы болмыс қайда қалды? Осы орайда Шерхан Мұртазаның «Араны ашылған қыран не аңды алады, не аңшының өзін алады» деген аталы сөзі еріксіз ойға оралады. Астарына үңілсеңіз алапат ақиқаттың анығына көз жеткізу қиын емес.

**Жанбота
СҰЛТАНМҰРАТҚЫЗЫ**
ТАЛҒАР ҚАЛАСЫ

Сіз не дейсіз?

**Құралай ЖҰМАҚАНҚЫЗЫ,
Талғар ауданындағы «Жанұя» отбасына
қолдау көрсету орталығының директоры:**

**«Біздің мақсат –
қиын жағдайға тап
болғандарға қолдау көрсету»**

Біздің басты мақсат – әлеуметтік аз қамтылған, қиын жағдайларға тап болған отбасыларды қолдау бойынша құқықтық, психологиялық және әлеуметтік кеңестер беру, арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету. Мүмкіндігінше ондай отбасылардың өмір сүру сапасын жақсарту және Талғар ауданында тұратын тұрмыс тауқыметін тартқан көпбалалы және жалғызбасты аналардың қиын жағдайларды еңсеруде ынтымақ арттыру. Осыған байланысты орталық мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады: шұғыл әлеуметтік қорғау мен көмекке өте мұқтаж адамдарды мемлекеттік органдармен және қоғамдық бірлестіктермен бірлесе отырып анықтау; көрсетілетін қызметтерді алушыларды қабылдау және орналастыру, сондай-ақ, әлеуметтік бейімдеу жөніндегі іс-шараларды өткізу; орталықта қолайлы моральдық-психологиялық климат қалыптастыру; көрсетілетін қызметтерді алушыларды әлеуметтік оңалту, олардың азаматтық, мүлдіктік және өзге де құқықтарын қайта қалпына келтіру мәселелерін шешу үшін жергілікті атқарушы органдармен, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, ішкі істер,

әділет органдарымен, үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп іс-қимыл жасау.

Қазір отбасын қолдау орталығы Талғар ауданы аумағындағы құзырлы мемлекеттік органдармен, атап айтқанда: ішкі істер, орталық аурухана, білім бөлімі мен ішкі саясат және орталық мешіт имамдары, қоғамдық келісім және аналар кеңесі қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп жұмыс істеуге бағытталған меморандумға қол жеткізу жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Бүгінде аудан бойынша тұрмыстық қиын жағдайға тап болған 26 отбасы анықталған. Барлық мәселені жіпке тізіп отыруға уақыт жетпес, бірақ мұндай жағдайға тап болған ересектер мен балаларды осы қоғамның бір мүшесі ретінде өмірге қайта бейімдеп, психологиялық тұрғыда көмектер жасап, аяғына тұрып кетуіне қолдан келгенше көмек көрсетсек құба-құп болар еді. Өйткені, өмірден өз орнын таба алмаған адамдардың түрлі тұрмыстық қылмыстарды жасауға деген бейімділігі өте жоғары. Салдары да ауыр. Сондықтан оларды шетқақпайламай, қатарға қосуға атсалысуымыз керек деп есептеймін. Ал енді мұндай көмекке көнбейтіндермен арнайы құзырлы орындар айналысады.

Назым БАЙДІЛДА, психолог:

«Фаббинг пен буллинг арасы»

– Қазіргі уақытта балалар арасындағы психологиялық ахуалдың күн санап қиындап бара жатқаны жасырын емес. Оған мыңдаған мысал бар. Бұл да

тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсетудің басты көрсеткіштерінің біріне айналған. «Әлімжестік жасап, оны видеокамераларға түсіріп алып мақтан ретінде немесе қорланған баланы одан ары мазақ ету мақсатында әлеуметтік желілерге салатындар көбейді. Сәйкесінше мұндай жағдайға төзе алмаған балалар арасында суицидтік жағдайлар саны да артып барады. Үнемі смартфонда, компьютерде отыратын балалардың психологиялық жағдайы тым ауыр. Олар өте агрессивті болып өсіп келеді. Мұның алдын алып, тоқтау қоймасақ, артында үлкен өкініш тұрғанын аңғару қиын емес. Телефонға тәуелділік «фаббинг» деп аталса, бүгінгі таңда жасөспірімдер арасында жиілеп кеткен зорлық-зомбылық жағдайларға байланысты «буллинг» деген термин күнделікті қолданысқа сіңіп кетті.

Қарапайым тілмен айтқанда, буллинг – адамның өзгеге физикалық және психологиялық күш көрсетуі, қорлауы деген сөз. Мұндай жағдайлар әсіресе мектеп жасындағылар арасында жиі орын алатыны өкінішті. Мұны заңмен ғана реттей алмаймыз. «Бұлақ басынан тұнады» деген бар. Сондықтан психологиялық тұрғыда ата-аналардың да мінез-құлықтарындағы өзгеріс пен сана саулығы алдыңғы орында тұруы керек. Өкінішке қарай жоғарыда аталған жағдайлардың ересектер арасындағы көрсеткіші де маз емес. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырайтындардың көп бөлігін тұрмыс тарихылығын тартқандар ғана емес, мінез-құлықтағы агрессияның өршуінен зардап шегетін адамдар да құрайды.

ҚАУІПСІЗ ЕЛ

ҚАРУ ТАПСЫРЫП ҚАРЖЫ АЛ!

Алматы облысында жаңа акция басталды. Акция негізінде енді тұрғындар атыс қаруын ерікті түрде тапсыра алады. Республика бойынша басталған науқан ел аумағында қарқынды қолға алынып жатыр.



10 сәуірде басталған акция аясында атыс қаруын, оқ-дәріні және жарылғыш заттарды заңсыз сақтап келген азаматтар оны полицияға ерікті түрде тапсыра алады. Науқан барысында қаруды өз еркімен тапсырғандар ешқандай жауапкершілікке тартылмайды, керісінше, ақшалай сыйақы алады. Алматы облысының тұрғындары осы ретте мемлекеттік органдарға үлкен көмегін тигізе алады. Ол үшін тұрғылықты жері бойынша

кез келген аумақтық полиция органына жүгінсе болады. «Ерікті түрде тапсырылған қару үшін төлем сомасы оның түріне, техникалық жағдайына байланысты және әр бірлік үшін 6-100 айлық есептік көрсеткіш (1 АЕК–3450 теңге) аралығында жасалады. Мысалға, иір ойықты автомат қаруын тапсырған азамат әрбір бірлігі үшін 100 АЕК-ке дейін ақша ала алады. Осындай соманың тең жартысы шолақ мылтықтар мен карабиндер

үшін төленуі мүмкін», – деп хабарлайды Алматы облыстық Полиция департаментінің баспасөз қызметі. Бұл ретте, төлем мөлшерін арнайы комиссия белгілейді.

ІІМ-дегі арнайы брифингте Әкімшілік полиция комитеті Қару айналымын бақылау бөлімінің бастығы Асылбек Ыдырысов мемлекетке тапсырылған қарулардың қалай бағаланатынын мәлімдеді. «Өтемақы мәселелеріне келетін болсақ, қаруды өз еркімен тапсырғаны үшін төлемдер мөлшері олардың түріне, техникалық күй-жайына байланысты әр бірлігі үшін 34 мыңнан 345 мыңға дейін болады. Сыйақы көлемін әр облыстық, қалалық және аудандық полиция органдарында құрылатын комиссиялар белгілейді», – деді.

Төлемдер мөлшерін айқындау кезінде комиссия қарудың техникалық жай-күйін ескереді және тиісті санат беріледі. Олар барлығы 3 санатқа бөлінеді. Соған қарай төлем жүргізіледі. Сыйақы төлеу мерзімі – 1 ай ішінде орындалады.

М. ҚАЛИ

ПӘРМЕН

Алматы облысы прокуратурасы газ беру жүйесіндегі біраз заңсыздықтың жолын кесті. Прокуратура тексерісінің нәтижесінде Шамалған, Жаңдосов, Шалқар, Еңбекші, Үштерек, Құмарал, Тұрар МТФ және Арай, Аянат, Дархан, Баркөл бау-бақша қоғамдарының тұрғындарына газ тарифі төмендетілді.

ПРОКУРАТУРА ЗАҢСЫЗДЫҚҚА ТОСҚАУЫЛ ҚОЙДЫ

Аталған өңір халқы «Сигма-ГАЗ» ЖШС-нің халық үшін тауарлық газды берудегі олқылықтарына шағымданған. Ол көрсеткіш өзге аймақтармен салыстырғанда едәуір жоғары тарифті белгілеген. Осыған байланысты аудан прокуратурасы тауарлық газды өткізу бойынша қалыптасқан тарифке талдау жүргізді. Онда монополияға қарсы заңнаманың бұзылғаны анықталды. Оған Алматы облысы бойынша табиғи монополияларды реттеу комитетінің департаменті 2021 жылдың 12 қарашасында жол берген деп хабарлады облыстық прокуратурада.

Қадағалау органы департамент басшысының тауарлық газды өткізу тарифін табиғи газдың 1 текше метріне 37,5 теңге және тарифті ұлғайту дерегі бойынша баға са-

раптамасын жүргізу бұйрығының күшін жою туралы қадағалау актісін енгізді. Нәтижесінде департаменттің 10 наурыздағы №78-НҚ бұйрығымен «Сигма-ГАЗ» ЖШС-нің тарифі бекітілді.

«Осы жылдың 1 сәуірінен бастап жоғарыда аталған елді мекендер үшін қосылған құн салығын (ҚҚС) ескере отырып тариф бағасы бір текше метр газ үшін 28,95 теңгеге дейін төмендеді. Осылайша Алматы облысының прокуратурасы 9 918 тұтынушының құқығын қорғап, қалпына келтірді. «Сигма-ГАЗ» ЖШС газбен жабдықтау ұйымы 2 млн теңгеден астам сомаға айыппұл түрінде әкімшілік жауапқа тартылды»,– деп атап өтті жауапты сектор өкілдері.

Ж.ҚҰРМАНБАЙ

Тұрмыстық зорлық-зомбылық қоғам дертіне айналып барады. Себебі, сот тәжірибесінде мұндай істер жиі қаралуда. БАҚ пен әлеуметтік желілерден де отбасылық зорлықтың құрбандары туралы жиі естіміз.

ӘЛІМЖЕТТІК КӨРГЕНДЕР АЗАЙМАЙ ТҰР

Тұрмыстық зорлық-зомбылық дегеніміз отбасылық қатынастар аясында бір адамның басқаға қатысты дене зардабын және психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар қасақана әрекеті. Мәселен, өткен жылы Ақтау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотында ӘҚБтК-нің 73-бабымен 120 іс қаралып, 24 тұлғаға есертү беріліп, 2 тұлғаға айыппұл салынып, 11 тұлға әкімшілік қамаққа алынған. Ал, биылғы 3 айда 38 іс түсіп, 5 тұлғаға ескертү беріліп, 4 тұлға әкімшілік қамаққа алынған.

Жалпы, елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жәбір көретіндердің басым көпшілігі әйелдер мен балалар. Тіпті, соңғы жылдары тұрмыстық әлімжеттік көрген нәзік жандылардың көрсеткіші 25 пайыздан асқан. Осы орайда, ЮНИСЕФ пен Қазақстан арасындағы біріккен зерттеуге назар салсақ, ересектердің 75 пайызы балаларды тәрбиелеу мақсатында күш көрсететіні жазылған, енді біразы балабақшада зәбір көреді екен. Мектеп оқушыларының үштен екісі қатарластарынан не ұстаздар тарапынан кемсітуге ұшырайтыны анықталған.

Елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 10-тарауына сай реттеледі. Ал, док көрсетушілер іс-әрекетінде қандайда бір қылмыстық құқық бұзушылық белгісі болса Қылмыстық кодекстің

109-бабы (ұрып-соғу), 110-бабы (қинау), 131 (қорлау)-баптары бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту көзделген.

ӘҚБтК-нің 73-бабы отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер, яғни, құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзатын әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса ескертү жасауға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады. Ал, егер мұндай әрекеттер әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалса оның соңы он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

Отбасы-тұрмыстық қатынастар деп ерлі-зайыптылар, бұрынғы ерлі-зайыптылар, бірге тұратын немесе бірге тұрған адамдар, жақын туыстар, ортақ баласы бар адамдар арасындағы қатынас түсініледі. Сондай-ақ, денсаулықтың қысқа мерзімге бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін тұрақты түрде болмашы жоғалтуға әкеп соққан, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтірілсе, тән ауруына ұшыратқан, бірақ денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге әкеп соқпаған ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеті жасалса оларға қолданылатын

әкімшілік жазаның да салмағы ауырлай түсері анық.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңның

СҰРАНЫС ҚАЙ ТІЛДЕ ТҮССЕ, ЖАУАП СОЛ ТІЛДЕ БЕРІЛУІ КЕРЕК



Байзақ аудандық сотының төрағасы Д.Төленбековтың жетекшілігімен мемлекеттік тілді жандандыру, тілдің тұғыры мен мәртебесін көтеру, қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық бойынша істерде қазақ тілінің кеңінен қолданылуына атсалысу мақсатында дөңгелек үстел өткізілді.

Сот төрағасы іс-шараның өзе-ктілігі мен маңызды екенін айтып, 2023 жылдың сот өндірісіндегі құжат айналымында мемлекеттік тілдің қолданылу статистикасына тоқталып өтті. Сондай-ақ, төраға ел Конституциясының 7-бабына сай, Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі екеніне тоқталып, қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылық істерді қарау барысында мемлекеттік тілге байланысты проблемаларды атап өтті. Мәселен, сот іс бойынша тұлғаға қатысты сараптама тағайындалып, құжат сараптамаға мемлекеттік тілде

жолданғанымен, сараптамадан келген қорытынды жауабы орыс тілінде түсетініне назар аударды. Бұл дұрыс емес.

Іс-шараға қатысушылар Д.Төленбеков атаған кемшіліктерге қатысты ойларын ортаға салып, жұмыс барысында кездесетін басқа да мәселелерді талқылап, оның қорытындылары бойынша мемлекеттік тілді белсенді дамытуға бағытталған ұсынымдарды қабылдады.

Байзақ аудандық сотының баспасөз қызметі
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

ӘРТҮРЛІ

4. Жолаушылар мен багажды автомобильмен респу-блика ішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурс өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

1. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы 2023 жылғы 25 мамыр күні сағат 11.00-де Петропавл қаласы, Интернационал көшесі, 61 үй, №9304 кабинет мекенжайы бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурс (бұдан әрі – Конкурс) өткізу туралы хабарлайды.

Конкурсқа қойылған лоттар туралы толық ақпаратты мына мекенжай бойынша: Петропавл қаласы, Интернационал көшесі, 61 үй, №9308 кабинет немесе тел. 87152331117, 33-86-95 арқылы, сондай-ақ, Басқарманың ресми сайтынан да dptiad.sko.gov.kz алуға болады.

2. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңнама негіздерде автокөлік құралдарын иеленуші кез келген жеке және заңды тұлғалар қатыса алады.

3. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Петропавл қаласы, Интернационал көшесі, 61 үй, №9308 кабинет мекенжайы бойынша ұсынуы тиіс.

4. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2023 жылғы 10 мамыр сағат 18.00-ге дейін.

5. 2023 жылғы 25 сәуір күні сағат 11.00-де №9304 кабинетте конкурстық комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференцияны «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасына» енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, өткізеді.

6. Анықтама алу үшін телефондар: 33-11-17, 33-86-95, электрондық мекенжай: uptiad@sqa.gov.kz

5. «Юридическая газета» мерзімді басылымының 2023 жылғы 11 сәуірдегі №27 санында «Enterprise Investment» ЖШС-нің (БИН 211240001219) жарғылық капиталының азайғаны және несиегерлердің талап-шағымдарын мына мекенжайда: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Бөгенбай батыр көшесі, 132 үй, қабылдайтыны туралы хабарландыру жарияланған болатын. Осы хабарландыру арқылы жоғарыда айтылған хабарландыру жарияланғаннан кейін бір ай мерзім ішінде несиегерлердің талап-шағымдарын мына МЕКЕНЖАЙДА қабылданатынын ескертуді: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Бөгенбай батыр көшесі, 132 үй (116 кеңсе).

10. «Авто Ломбард «Алматы-Кредит» ЖШС, БСН 150240012971, клиенттері мен контрагенттеріне кеңсесін жаңа мекенжайға: Алматы қаласы, «Самал-1» ықшамауданы, 24 үй, 85 тұрғын емес үй-жайға көшіргені туралы хабарлайды.

12. Туберкулез ауруынан сақтану

Туберкулез ауруының ең жиі кездесетін түрі – өкпе туберкулезі. Көп жағдайда сырқат белгісі науқас адамға білінбей басталады да, тек қана мәнту реакциясын қойғанда, қақырықта «Қох таяқшасын» тексергенде немесе флюорографиялық байқаудан өткенде табылады.

Туберкулез ауруының белгілері:
Әлсіздік, тез шаршау, асқа тәбеті болмау, жүдеу, үш аптадан аса жөтеліп жүру, түнде немесе ұйқыдан оянған кезде терлеу, дене қызуының 37 градустан жоғары көтерілуі.

Бактерия бөлетін туберкулезбен ауыратын науқасқа диагноз қойылған сәттен бастап, науқастың орналасқан орны және маңайындағы аумақ туберкулез ошағы болып табылады.

Туберкулез ошағында қорытынды залалсыздандыруды ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК «Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалының мамандары жүзеге асырады.

Ошақта науқас жанасқан барлық заттар: үй-жайы, киім-кешек, ыдыс-аяқ, жеке гигиеналық заттары, түкіргіштер, күтім заттары, үйді тазалау заттары, санитарлық-техникалық жабдық, ойыншықтар, тамақ қалдықтары, кітаптар, т.б. заттар дезинфекцияланады.

Аурудың алдын алу шаралары: салауатты өмір салтын ұстану, дұрыс тамақтану, тазалық және жеке бас гигиенасын сақтау.

Б.Т. ПОЛАНОВА,
ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК
«Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы»
филиалының эпидемиолог көмекшісі

ТАРАТУ

2. «Шымкент қаласы ардагерлерінің бірлестігі» қоғамдық бірлестігі (БСН 230140026063) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Шымкент қ., әл-Фараби ауданы, Желтоқсан көшесі, ғимарат 19/4.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме.
Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қаиасқаров Нұрлан Нұргисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058417221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшин, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

Қараңғылық қоюлана бастаған, түн қараңғылығының көтеріліп келе жатқан сәті. Қоңыр салқын күзді жақтырмай Күн де ұясына ерте қонақтаған. Абыр-сабыр жүргіншілер де саябырсыған. Бәрінің де жұмыстан келіп, тамақтанып жатқан мезгілі. Аула сыпырушының рөліне енген тентек жел ғана ысықра ұйытқып, сары теңгелердей шашылған жапырақтарды асфальт жолдың біресе бір шетіне, біресе екінші жағына лақтырады.

Жолдың оң жағында орналасқан, жарығы жарқыраған «Гүлдер» атты дүңгіршектің жанындағы автобус аялдамасында бүрісіп бір адам отыр. Тарақ көрмей ұйысқан шашынан, иегін жапқан қауға сақалынан, үстіндегі тозығы жеткен, алқа-салқа жеңіл күртесі мен ескі аяқ киімінен, күбідей іскен бет-әлпетінен өзін күтпейтін жан екені байқалып тұр. Үйсіз-күйсіз қаңғыбастың бірі болғаны анық.

Дүкеннен бір жігіт шығып аялдамаға қарай беттеді. Бір қолына жақсылап оралған алқызыл раушан гүлдер шоғырын ұстаған. Екінші қолындағы ұялы телефонымен әлдекіммен сөйлесіп келеді. Оны көрген аялдамада отырған қаңғыбас орнынан қозғалақтап қойды. Жігіт жақындай бере қолындағы гүлін жерге тастай салып: – Таңдағаның сол болса, енді мені көрмейсің! – осылай деп дауыстаған ол телефонын өшіріп, қалтасынан темекісін алып тұтатты. Бірдеңе айтпақ болып оқталған аялдамадағы адам жігіттің зілді дауысын естіп, сұсты жүзін көргеннен кейін ойынан айнып қалды. Орнынан тұрып, дүкен жаққа көз салды. Сол кезде қарсы бағыттан жарығы қараңғылықты тіліп, қатты келе жатқан жеңіл көлікті байқады. Кенет жаңағы жігіт жол бойына жүгіріп шықты. Жеңіл көлік шиқылдастып тежегішін басып, шыр айналғанымен, жігітті қағып үлгерді. Содан кейін сәл тоқтап, артқа берді де, бағытын жол бойына туралап алып, қараңғылыққа сүңгіп ғайып болды. Осының бәрі қас-қағым сәтте өтті.

Абдырап қалған қаңғыбас әлгі жігіт тастаған гүлді алып, көзден тасаланды. «Гүлдердің» дүкеншісі аялдамаға жүгіріп келіп, жігітті қозғап қарап, дереу ұялы телефонын алып, қоңырау шалып жатты.

– Жігіт тірі қалғанымен, әлі өзіне-өзі келе қойған жоқ, – деді аға лейтенант Сарым Сырбазов. – Өкінішке орай, ол жерде бейнебақылау камерасы орнатылмаған. «Гүлдер» дүңгіршегінің дүкеншісі жігітті қансырап жатқан күйінде көріп, «Жедел жәрдем» шақырған. Айтуынша, ол маңайдан өзге ешкімді байқамаған. Адам нөпірі бәсеңдейтін сәт қой. Біз қазір көлік жөндеу және жуу орталықтарына сұрау салып жатырмыз.

– Ал, қағылған жігіт – Бәкес туралы мынадан басқа қосымша мәліметтер бар ма? – полиция бастығы инспекторға қолындағы қағазды көрсетті.

– Әзірге ештеңе жоқ. Адам қаққан көліктің маркасы мен нөмірін анықтау бағытындағы жұмыстар жасалуда. «Гүлдердің» дүкеншісі жігіт соның алдында ғана қымбат тұратын алқызыл раушан гүлдер шоғырын сатып алғанын айтты. 15 минуттан кейін оны көлікке қағылып, жерде қансырап жатқан жерінен көрген. Алайда, қасында гүл болмаған. Аялдамада қосыс тастайтын жешік те жоқ. Дүкенші полицияға қоңырау шалғанда оған сол жерден кетпеу тапсырылған. Сол себепті гүлді қайта сату үшін дүкенге апарып тастауы мүмкін емес.

– Айтуың орынды, гүлді қайта сатқысы келсе, ол жайлы сөз қозғамас еді. Себебі, өзінен басқа ешкім білмейді ғой. Сен сол дүкеншімен тағы бір сөйлесіп қара! Оқиға орын



АЛҚЫЗЫЛ ГҮЛДЕР

алған жерде тағы бір адам болған шығар? Камера жоқ, оны көре алмаймыз. Жігітті кім қаққанын сол білуі тиіс. Алайда, гүл оған неге керек? Әлде әйел адам ба екен? Есі дұрыс адам болса қағылған жігіттің қасындағы гүлді алып не істемек? Неге бізге хабарласпайды? Жұмбақ куәгерге қалай шығамыз? Әңгіме сонда ғой! Бізде қазір одан өзге жол оқиғасына куәгер жоқ. Көлік жөндеу және жуу орталықтарына да осы уақытқа дейін күдікті ешкім хабарласпаған. Жігіт әзірге ештеңе айта алмайды, уақыт болса өтіп жатыр. Қылмыскер құтылып кетуі де мүмкін. Демек, бұл жұмбақтың шешуі жоғалып кеткен алқызыл раушан гүлдерге жасырылған болар?

– Жолдас полковник, біз жігіттің гүлді кімге алғанын анықтау мақсатында ағайын-туыстарымен, бірге араласып жүрген жолдастарымен сөйлесіп, кездесіп жүрген қызын таптық. Есімі – Таңгүл. Қыз сол күні «Гүлдер» дүңгіршегінің арғы жағында орналасқан барда бірге оқыған курстастарымен тамақтанып отырған. Оның ішінде мектеп кезінде бірге жүрген жігіті де болған. Айтуынша қазір араларында ешқандай байланыс жоқ. Бірақ, Бәкес айтқанына сенбей одан қызғанады екен. Олардың барда отырғандарын біреу жігітке жеткізсе керек. Қазір біреудің басқан ізін екінші біреу аңдыған заман ғой. Барға іздеп барып, Таңгүлге орынсыз тиіскеніне шыдамаған қасындағы жігіттер күштеп сыртқа шығарып жіберген. Ілесе кетпек болған қызды үгіттеп алып қалған. Әңгімелескенде Таңгүл тынбастан жылап отырды. Соған қарағанда жігітті сүйетін сияқты.

– Алайда, ол жерге барғанда қолында гүл болған жоқ емес пе? Дүкенге келіп, неге алды? Кері барып кешірім сұрамақ па? Әлде, біреуге апара жатты ма? Соған асығып жүргенде көлік қағып кетті ме екен? Жолдың арғы бетіне неге өтпек болды? Сол жерде досы, туысы бар ма? Оған ештеңе айта алмайсыз. Қатты келіп қағуына қарағанда көліктің жылдамдығы да жоғары. Қаққаннан кейін алғашқы көмек көрсетіп, «Жедел жәрдем» шақырмастан ізін жасырған. Ол жерде жаяу жүргіншілер өткелі жоқ, жылдамдықты шектейтін белгі де қойылмаған. Аялдама да жақында салынды ғой. Жалпы, бағытыңыз дұрыс. Әзірге осы бағытта жұмыс жүргізіңіз. Сонымен қатар, ол көшеде камера болмағанымен,

басқа жерлерде тұр. Оны да мұқият қараңдар. Дәл сол уақытта қай көлік жол оқиғасы орын алған көшеге бұрылды. Осыны анықтаңдар, – деді полиция бастығы.

Аурухана алдына тоқтаған таксиден ұзын бойлы, жұқалтаң келген, ақсары қыз түсіп, алдына төгілген жібектей қара шашын артына қарай сілкіп тастады. Сөмкесінен кішкентай айнасын алып, жағасын түзеп, ішке енді. Алдынан шыққан кезекші медбикеден:

– Кеше көлік қағып кеткен жігіт осы ауруханаға түсті ме? Емдеуші дәрігеріне жолығуға бола ма? – деп сұрады. Медбике бағыт сілтегеннен кейін сол бөлмеге беттеді. Жәймен есікті ашып, көзілдірікті дәрігердің қасына келіп отырды. Ол амандасқаннан кейін дәрігер жауап қайтарып, шаруаңызды айта беріңіз деген кейіп танытты.

– Менің есімім Перизат! – деді қыз – Көлік қағып, ауыр жағдайда осында түскен жігіттің халін білейін деп келдім. Керек дәрілерін алып берейін.

– Сіз оның кімі боласыз? – Туысымын. – Ота сәтті шыққанымен, жігіттің жағдайы ауыр. Біз қолымыздан келген емді жасаймыз. Жансақтау бөлмесінен палатаға көшірдік. Әзірге онда жалғыз жатыр. Жаңа әкесі мен анасы келіп кетті.

– Ол аман қала ма? – Аман қалады. Бірақ, өмірі мүгедектер арбасына таңылумен өтеді.

Қыздың жүзі тұнжырап басын төмен салды. Сәлден кейін бойында әлдебір үміт оянғандай дәрігерге қарап:

– Айтыңызшы, шетелдерге апарып емдетсе нәтиже бола ма? – деп сұрады.

– Қарсы емеспін, апарыңыздар. Бірақ, жылынына зақым келген, бірдеңе шығады деп айта алмаймын.

Біраз әңгімелескеннен кейін Перизат дәрігер берген дәрілер тізімін алып, жігіт жатқан палатаға енді. Қасында бір қыз отыр екен. Қыздың айтуынша тыныштандыратын дәрі берген соң науқас қалың ұйқыға кетіпті. Көпке дейін оянабайды. Сол сәт қыздың қалтасындағы ұялы телефоны шырылдады. Дәлізге шығып сөйлескенімен оның дауысы Перизатқа анық естіліп тұрды.

– Білмеймін, – деді қыз әлдекімге – Басым қатып кетті. Көлік қатты

қаққан. Енді ол мүгедектер арбасына таңылады екен. Қанша сүйгеніммен де қасында күтуші болып өмірімді өткізе алмайтын сияқтымын. Менің алға қойған мақсаттарым, жоспарым бар. Бастысы аман қалды ғой, соны медет тұтып өмір сүремін. Қазір оның қасынан кетсем де, бірге жүрсем де оған қиын тиері анық. Қанша кінәласа да, кешірмесе де онымен арадағы байланысты үземін. Бұл ол үшін де, мен үшін де тиімді болады деп ойлаймын. Бір күндері бәрін түсінеді. Үлкен рақмет, жарайды, кешке сол жерде күтемін...

Перизат жігітке сәл қарап тұрды да, телефонмен сөйлесіп тұрған қызға жақтырмай көз тастап жанынан өте шықты. Бірден дәріханаға тартты.

– Оу, Перизат! – деген дауысты естіп жалт қараса көптен көрінбей кеткен құрбысы екен, – Ең сұлу бизнес леди! Мұнда не қылып жүрсің? Көлігің қайда? Неге жаяусың? Тағы да қайырымдылық жасауға келдің бе?

– Нәзипа! Сен қайдан жүрсің? Қос құрбы құшақтасып, бір-бірінің беттерінен сүйіп мәз болды.

– Жүр, дәрі алып ауруханаға жеткізіп тастайық. Содан кейін екеуіміз асықпай отырып сөйлесейік. Бала күннен бірге өскен, сырға берік құрбымысың ғой. Қазір маған дәл сенің ақылың артықтық етпейді.

– Түсің қашып кетті ғой, Перизат, – деді құрбысы алаңдаушылық білдіріп – Не болып қалды?

– Бұл жерде айтатын әңгіме емес, дәрілерді алған соң осы маңдағы кафеде бірге тамақтанайық. Сонда айтамын.

Екеуі дәріханаға беттеді.

– Сізге өткенде айтқаным алып-қосарым жоқ, – деді дүкенші – Нені есіме түсіруім керек? Ол жерде тек мен болдым.

– Ендеше, басқа сұрағым жоқ, – деді инспектор Сарым Сырбазов кетпекке жиналып.

– Тоқтай тұрыңызшы, – деген дүкенші орнынан тұрып терезеден сыртқа қарады да: – Осы жерде Мانتас деген маскүнем жүреді. Көбіне анау аялдамада отыратын. Үйі қай жерде екенін білмеймін. Әйтеуір, жақын маңда тұратын сияқты. Жол оқиғасы орын алатын күні сол маған келіп қарызға ақша сұрады. Оған дейін бір-екі рет алып қайтармаған. Ұрыстым. «Мен саған айттым ғой.

Бұл арақ-сыра сататын жер емес. Мұнда гүл сатылады. «Арақ дүкеніне келгендерден ештеңе шықпайды. Гүлді тек мейірімді, жан-дүниесі сұлу адамдар ғана алады. Олар мейірі түсіп, тиын-тебенін тастап кетеді» деп едің. Қайда сол адамдарың? Әлде оларды да сұрай-сұрай жалықтырдың ба?» деп айқайлап қуып жібердім. Бірақ, соңғы екі күннен бері көзіме түскен жоқ. Бір көшеден кейін азық-түлік дүкені бар. Сондағы дүкеншілерден сұрап қараңызшы. Арақ алуға барады ғой.

Сарым рақметін айтып, көлігіне отырды. Айтылған жерге келсе үлкен дүкен екен. Келгендерге екі бірдей дүкенші қызмет көрсетіп тұр. Тәжірибелі инспектордың көзі бірден су құйылған ыдысқа салынған алқызыл раушан гүлдерге түсті. Дүкенші алдындағы кісісін жіберіп алсын деп сәл күтті. «Гүлді таптық, – деп ойлады Сарым – Оны мұнда әкелген адамды да анықтармыз. Бірақ, жігітті қаққан көлікті көрген-көрмегені бізге беймәлім. Маскүнем болса осында әкеліп, бір шөлмек араққа сатып кеткен шығар».

Әңгіме барысында дүкеншілер Мانتас деген адамның үнемі өздерінен арақ алатынын, соған ризашылығын білдіріп, гүл сыйлап кеткенін жеткізді. Кейде арақ алғанына есеп етіп, жеңіл-желпі жұмыстарын да жасап тастайтынын жасырмады. Алайда, күнде келетін «тұтынушыларын» бір-екі күннен бері көрмеген.

Сарым Сырбазов Мانتас жайлы сұрастырмас бұрын полиция бөліміне соғып, бейнекамералардың көрсетілімдерімен танысып шыққанды жөн санады. Жігітті қағатын күні, сол уақытта камерасы жоқ көшеге үш көлік кірген екен. Оның екеуінің көше бойымен өтіп шыққаны анық көрініп тұр. Біреуі сол көше бойында қалған. Демек, сол жердегі үйлерде тұратын болар. Қалған екі көліктің біреуі қонақүйге барып, кері қайтқан. Екіншісі, бір үйдің ауласына кірген.

– Көлік иелерін анықтадыңдар ма, Байбек? – деп сұрады Сарым.

– Бірінші көліктің иесі – мектеп мұғалімі. Екіншісі мен үшіншісі жеке көліккерлер. Бәрінің аты-жөні, қайда тұратыны, сол көшеге қай уақытта кіргені мына қағазда жазылған.

– Жол-көлік оқиғасы орын алған камерасыз көшеде қалған көлік басқа жерден шығып кеткен жоқ па? Карта қайда? Әкелші бермен! Міне, мына көше ше? Екеуі жалғасып жатыр ғой.

– Ол көшенің шығар жерінде камера жоқ.

– Үшінші көлік сол күні басқа көшелерден көрінбеген бе? Барлық камераларды қарап, соны анықтаңдар! Үшінші ықшамауданның учаскелік инспекторын маған шақырыңдар. Мانتас деген кім екенін білуім керек. Камерадан мына көліктердің ол көшеге нешеде кіргені көрінгенімен, жігітті қайсысы қаққаны бізге белгісіз. Оқиға «Гүлдер» дүңгіршегінің дүкеншісі шыққаннан неше минут бұрын болғанын қайдан білеміз? Үш көлік те техникалық қызмет көрсету мен көлік жуу орындарына бармаған. Бірақ, біреуі – қылмыскер.

Учаскелік инспектормен бірге келген Сарым Сырбазов Мантасты үйінен таппады. Көршілері, онымен араласатын бөтелкелестері көшеден бері көрмепті. Енді оның ойы соған ауды. «Ол қайда кетуі мүмкін? Жігіттен тиын-тебен сұрап, екеуі керісіп қалған шығар? Содан кейін Мانتас оны келе жатқан көліктің жолына итеріп жіберіп, бой тасалады ма? Әйтпесе, гүл оның қолында қайдан жүр? Жоқ, итеріп жіберсе, көлік жүргізушісі оны ұстап немесе өзі кінәлі болмас үшін полицияға хабарлайтыны анық».

Қанат ҒЫМАРОВ

(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Алматы облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Ақтөбе облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Атырау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Маңғыстау облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Қызылорда облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Түркістан облысы	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.
Батыс Қазақстан облысы	

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zankreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5578 дана
Апталық таралым 11 156 дана

Тапсырыс №58 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31